

АҚТОҒАЙ АЖАРҮ

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

№13 (7850)

Жұма

1 сәуір

2022 ЖЫЛ

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан шығады

@ aktogai_red@mail.ru

f www.facebook.com/a.ajary.kz

Қасиетті Рамазан айы мұбәрақ болсын!



Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
Қазақстан мұсылмандары діни
басқармасының төрағасы, Бас мүфти

Қадірлі отандастар!

Баршаңызды күллі мұсылман баласы асыға күтетін қасиетті Рамазан айының келуімен шын жүректен құттықтаймын! Әр шаңыраққа бақыт пен береке, мықты денсаулық тілеймін.

Шариғатымыз бойынша балиғатқа толған, ақыл-есі дұрыс әрбір мұсылманға Рамазан айында ораза ұстау – парыз. Алайда, жолаушылар, науқас жандар мен сырқаты асқынып кетуінен қауіптенген адамдар, сондай-ақ, жүкті немесе омырауда баласы бар әйелдер ораза ұстауды кейінге қалдыруына болады. Бұған шариғатымыз рұқсат береді.

Біз талай сындарлы сәттерді бастан кешіп келе жатқан халықпыз. Иманымыз бен бірлігіміздің арқасында қиындықты еңсеріп, өсіп-өнген елміз. Аллаға шүкір, елдігімізді көрсетіп, кешегі «қасиетті қаңтар» оқиғасын еңсердік. Екі жылға созылған пандемиялық жағдай кезінде де бірлігімізді көрсеттік.

Алла тағала қасиетті Құранда: «Шын мәнінде қиындықпен бірге жеңілік бар» («Шарх» сүресі, 6-аят) дейді. Міне, бүгінде қасиетті Рамазан айында жамағатпен ауыз ашып, көпшілікпен бірге құлшылық жасауға мүмкіндік алдық. Осы күнге жеткізген және осындай ұлы мүмкіндікті нәсіп еткен Жаратушы Жаббар Иемізге сансыз шүкірлер айтамыз.

Рамазан – тәрбие мен тағылым айы. Қасиетті айда мұсылман баласы қанағат, шүкір, мейірім, бауырмалдық, кешірім сынды көркем мінезді қалыптастыруға тырысады. Өйткені, қасиетті айда мұсылманға көп жақсылық пен мүмкіндіктер беріледі. Бұл туралы ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Бұл айда жәннат есіктері ашылады. Ораза тұтқан адамның алдыңғы және кейінгі күнәлары кешіріледі», – деген сүйінші хабар жеткізген.

Ендеше, берекелі айда көбірек сауапты амал жасауға асығайық, ағайын. Ата-анамыздың, қазыналы қарттарымыздың дұғасы мен алғысын алуға тырысайық. Мүмкіндікке қарай мұқтаж жандарға қол ұшын беріп, науқастың көңілін сұрап, сауап алайық.

Осы ретте кәсіпкер азаматтарды қасиетті айдың құрметі үшін халқымыздың тұрмыс жағдайын ескеріп, әлеуметтік маңызы бар тауарлар мен азық-түлік бағасын мүмкіндігінше 10 пайызға дейін төмендетіп, жеңілдік жасауға шақырамын.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кімде-кім бауырының қажетін өтесе, Алла оның қажетінде болады. Кімде-кім мұсылманның бір қайғысын сейілтсе, Алла оның қайғы-қасіреттерінің бірін сейілтеді», – деген.

Рамазан – Раббымыздың мейірім-махаббатына бөленетін ай. Берекелі айдың берекетінен құр қалмайық, халайық. Сауабы еселеніп жазылатын айда әрбір ізгі амалымыз қабыл болғай. Алла тағала ұстаған оразамаңызды, қоғам үшін жасалған қайырлы істерімізді мол сауаптан жазғай. Еліміз аман, жеріміз тыныш, тәуелсіздігіміз баянды болғай.

Әмин!

Құрметті Ақтоғай ауданының тұрғындары!

Сіздерді иісі мұсылманға парыз болған ораза – 2 сәуір күні Рамазан айының басталуымен құттықтаймыз!

Бұл ай – әр шаңырақты бақыт пен берекеге бөлейтін, әр кеудені Жаратушыға деген сенім мен иманға кенелдіретін күдіретімен ұлық. Сондай күш-қуатымен, тәрбие мен тағылымға толы. Ол әрбіріміздің бойымызда қанағатшылық, шүкіршілік, кешірімділік, бауырмалдық сияқты қасиеттерді бекемдейді.

Рамазан – адамзат баласын татулық пен бейбітшілікке, мейірім мен ізгілікке үндейтін қадірлі ай. Бұл айда ораза ұстау – мұсылмандық шарттың бірі әрі рухани жаңару мен тазарудың бірден-бір көзі. Ораза – адамзат баласын сабырлыққа тәрбиелеп, мейірімділікке шақыратын қасиетті парыздың бірі.

Ата-бабамыз Рамазан айын ерекше ыждағатпен қарсы алып, әр күнін мәнді өткізуге тырысқан. Бұл берекелі мезетте араздасқан жандар татуласып, сырқаттанса көңіл сұрап, көптен көріспеген туыстар бір дастарқан басына жиналған. Осы орайда аса киелі саналатын қасиетті өлкемізде адамдықтың рухани түп қазығы саналар имандылық салт-дәстүрдің дінгегі - асыл дінімізді ардақтайтын, оны өмірінің ажырамас бөлігіне айналдырған ақиқат сеніміміздің биіктігінің өзі біздің басты бақытымыз десек те болады.

Бірліктің бесігі, татулықтың тірегі болған аудан жұртшылығын Рамазан айын лайықты қарсы алып, құрметпен өткізеді деген сенімдеміз. Отыз күн оразада мұқтаж жандарды қолдап, ел бірлігін нығайтуға шақырамыз.

Ардақты ағайын! Үлкен тәрбие мектебі, рухани кемелденуге бастайтын Рамазан айында жасаған амалдарыңыз бен ізгі ниеттеріңіз қабыл болсын!

Әрбір отбасына амандық, толағай табыс, ырыс пен ынтымақ тілейміз. Бейбітшілігіміз бен берекелі өміріміз ұзағынан болып, есендік пен саулықта келесі Рамазан айына аман жетуге тілектеспіз.

Оразаларыңыз қабыл болсын!

Аудан әкімі
С.Әбеуова

Аудандық мәслихат хатшысы
Р.Әбеуов



Жолдау мұраты – ел мүддесі

академигі, техника ғылымдарының докторы Дінмұхамед Қонаевтың атына беруді де ұсынды.

Мемлекет басшысы алдағы уақытта халықтың табысын арттыруға бағытталған барлық құралдар мен тетіктерді қарастыратын Әлеуметтік кодексті әзірлеу мен қабылдау туралы

Жаңа Қазақстанның жаңғыру жолы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауында елді дамыту бойынша түрлі реформалар айтылып, кезеңімен орындалуда.

16 наурыз күнгі Жолдауында Мемлекет басшысы «Қасиетті қаңтар» оқиғалары еліміздің әлемдік қауымдастық алдында беделіне нұқсан келтіргенін атап айтты. Мемлекеттік төңкеріс жасауға ұйымдасқандар өз дәрежесінде заң шеңберінде жауапқа тартылатындығын атап өтті. Жолдауда партиялық теңдікті қалыптастыру, сайлау жүйесін реформалау, мемлекеттік басқару жүйесінің жаңа моделін енгізу секілді маңызды мәселелер айтылды. Жолдауда көтерілген маңызды мәселелердің бірі – жаңадан облыстар құру. Абай, Ұлытау, Жетісу сияқты атау берудің астарында зор мағына бар. Ерекше бір айта кететіні, халық егер қарсы болмаса, Қапшағайдың атауын аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік еңбек ері, Қазақ КСР Ғылым академиясының

ойын да жеткізді. Президенттің айтуынша, осы халық үшін өте қажетті құжаттың болмауы салдарынан көптеген адам жұмыссыздықпен бетпе-бет келіп және әлеуметтік қорғасыз қалып жатыр. Сонымен бірге халықтың табысын арттыру бағдарламасын әзірлеу қажеттігіне де тоқталды. Жұмыс нақты әрі әр азаматқа бағдарланған болуы керектігін тапсырды. Басқарудың әр деңгейінде кедейлікті төмендетудің нақты көрсеткіштерін бекітудің қажеттілігін де ескертті.

Халықтың пікіріне құлақ асатын биліктің әрдайым мәртебесі жоғары болады деп ойлаймын, барлығы бірден болуы мүмкін емес. Сол үшін жасалатын жұмысты билікке артып қоймай қоғам болып, жастар болып, жаңа Қазақстанды бірге құрайық!

М.Бейсенбеков,
Қарамеңде би ауылдық округі әкімі
аппаратының бас маманы.

Партия – билік пен халық арасындағы алтын көпір

«AMANAT» партиясының мобильді қоғамдық қабылдау тобы ел Президентінің тапсырмасымен алыс аудан, ауылдардың игілігіне қызметін бастап кетті. Бұл бастама партияны трансформациялау жұмыстарының азаматтармен кері байланысты күшейту тармағының аясында жүзеге асырылуда. Партия өкілдері осы бастамамен ауданымызға қарасты Қызыларай ауылына да келіп жетті.

ҚР Президенті, «AMANAT» партиясының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев партияның кезектен тыс XXII съезінде партия жұмысын қайта құруды тапсырып, қоғамдық қабылдау бөлмелері тек шағымдармен ғана емес, елді дамыту бойынша нақты идеялармен келетін азаматтар үшін өз ойлары мен ұсыныстарын ортаға салатын орынға айналуы тиіс екенін тілге тиек етті. Мемлекет басшысы өз сөзінде: «Азаматтарды көшпелі қабылдауды жиі өткізіп, шалғай ауылдардың тұрғындарымен кездесу керек», – деп атап өткен болатын. Алдағы үш айда мобильді қоғамдық қабылдаулар Қазақстанның барлық өңірлерін аралап, шалғай ауылдарға ерекше көңіл бөлмек. Мобильді қабылдау бөлмелерінің жұмысына мәслихат депутаттары,

партия фракциясының мүшелері, өңірлік филиалдардан Бюро мен Саяси кеңес мүшелері, қоғамдық кеңестер мен мемлекеттік органдардың өкілдері



қатысады.

Осыған сәйкес аталмыш партияның Қарағанды облысы мобильдік қоғамдық қабылдауы Қызыларай ауылында ұйымдастырылды. Қоғамдық қабылдауға «AMANAT» партиясының Қарағанды облысы филиалының атқарушы хатшысының орынбасары Н.Бекбатыров, аудан әкімінің орынбасары С.Амралин,

«AMANAT» партиясының Ақтоғай ауданы филиалының атқарушы хатшысы Т.Таукеев, Ақтоғай ауданының ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы

жұмыстарын субсидиялау, мал басын түрлендіру жұмыстарына қатысу бойынша сұрақтарға тиісті мекеме басшылары толық жауап берді. Ақжарық ауылында ФАП құрылысы жөніндегі ұсынысты Қарағанды облыстық денсаулық сақтау басқармасынан және Қызыларай мектебін жөндеу жұмыстары жөніндегі сұрақтарға Қарағанды облыстық Білім басқармасынан сұралып, келешекте жауабы берілетін болды.

«Ауыл тұрғындары партияның аудандық немесе облыстық филиалына әрдайым келе бермейді және оларға мәселені облыстық мәслихаттағы партия фракциясының депутаттарына жеткізу оңай емес. Біз тұрғындардың түйінді мәселелерді алға тартып келуін күтіп отырмай, оларға өзіміз барамыз. Бұл бір реттік акция емес, енді тұрақты түрде болады. Бұл тіпті, шалғай ауылдардың проблемаларын назарға алып, сол бойынша жүйелі шешімдер қабылдау үшін ақпаратты талдауға мүмкіндік береді. Қойылған сұрақтар, көтерілген мәселелер партияның назарында болады, – деп атап өтті Қарағанды облыстық партия филиалының атқарушы хатшысының орынбасары Н.Бекбатыров.

Думан ҚАБЫЛ.

Жолдау мұраты – ел мүддесі

Көтерілген мәселе көп

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауында елдің саяси жүйесін жаңғырту мәселесі баяндалды. Онда Мемлекет басшысы біздің еліміздегі қазіргі экономикалық және әлеуметтік жағдайға толық сараптама жасады. Осы пәтуалы сөзімен алдағы уақытта талай батыл қадамға баратынын білдірді. Қарапайым халықтың жанын жегідей жеген проблемаларды терең зерделей отырып, мемлекеттің дұрыс жолмен дамуының алғышарттарын көрсетіп берген Қ.Кемелұлы елде орын алған олқылықтардың бәрін жедел сауықтырып, түбегейлі реформалар жасауға дайын екендігін дәлелдей алды.

Ең бастысы, Президент дәл қазір елімізде теңсіздік мәселесі, халықтың әлеуметтік проблемалары елі күнге дейін толық шешілмей жатқанын жасырмай айтты. Президент субсидияны тұрақты беруге қатысты мәселеге де жеке тоқталды. Ол Үкіметке бұған дейін де субсидиялау төсілдерін қайта қарау қажеттігі туралы тапсырма берген болатын. Енді бұл жұмысты қысқа мерзім ішінде атқаруға пәрмен берді. Судсибия алуды жеңілдетуді, оның қолжетімді болуын және ашықтығын қамтамасыз етуді бақылауында ұстайтынын айтты. Сонымен қатар, алдағы үш жылда азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін түбегейлі шешудің қажеттігін қадап

айтты.

Көптеген проблеманың басын аша келе, Мемлекет басшысы бизнес өкілдерінің мемлекет пен қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілігінің соңғы жылдары төмендеп кеткенін ескертті. «Өзінің және ұрпақтарының тағдырын Қазақстанның болашағымен тығыз байланыстыратын отаншыл бизнес өкілдері мемлекет тарапынан қолдауға ие болады» – деп атап көрсетті Мемлекет басшысы. Өте орынды айтылған ұсыныс.

Көтерілген мәселе көп, соның ішінде ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз ету, бағаның өсуіне жол бермеу, халықтың өлауқатын арттыруға бағытталған нақты шешімдер дайындау, жастардың білімі мен біліктілігін жетілдіріп, жаңа экономикаға қажетті кадр тапшылығын шешу секілді өзекті проблемалар да Мемлекет басшысының назарынан тыс қалған жоқ.

Айтылған ой айқын, тапсырмалар нақты елімізді дамыту мақсатында көтерілген түйінді түйткілдерді шешу – бүкіл Қазақстан халқының ортақ міндеті. Ендігі кезеңде бір жеңнен – қол, бір жағадан бас шығарып, бірлігімізді сақтай отырып, ынтымақ пен қажырлы еңбектің арқасында экономикасы дамыған, әлеуеті өркендеген жаңа Қазақстанды бірге құратын кез келді.

М.Тәжікеев,

Құсақ ауылының тұрғыны.

Аудандық мәслихатта

Аудандық мәслихаттың кезекті сессиясы өтті

Аудандық мәслихат хатшысы Р.Әбеуовтың төрағалығымен 1 сәуір күні жетінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезекті он алтыншы сессиясы болып өтті.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе – «Аудан көлемінде ауыл шаруашылығын дамыту, шаруаларға мемлекет тарапынан бөлінетін субсидиялардың тиісті заң талаптарына сәйкес уақытылы берілуі, эпизоотиялық қызметті жүзеге асыру, ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жер заңнамасының сақталуын, жерді қорғау және тиімді пайдалану талаптарын қамтамасыз ету бағытында аудан әкімі орынбасарының атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы» аудан әкімінің орынбасары С.Амралин баяндама жасады. Мұнан кейін «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының ауданда орындалу барысы жөнінде» аудан әкімінің орынбасары А.Аманжолов ақпар берді.

Күн тәртібіндегі басқа да мәселелер тұрақты комиссияда талқыландықтан, сессияда тиісті шешімдер қабылданды.

Тұрақты комиссиялардың біріккен мәжілісі

1 сәуір күні аудандық мәслихаттың экономика, бюджет, экология, агроөнеркәсіп салалары мен кәсіпкерлікті дамыту және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері мен әлеуметтік саланы дамыту, жастар саясаты, заңдылық және құқық қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиялардың біріккен мәжілісі өтті.

Күн тәртібінде аудан көлемінде ауыл шаруашылығын дамыту, шаруаларға мемлекет тарапынан бөлінетін субсидиялардың тиісті заң талаптарына сәйкес уақытылы берілуі, эпизоотиялық қызметті жүзеге асыру, ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жер заңнамасының сақталуын, жерді қорғау және тиімді пайдалану талаптарын қамтамасыз ету бағытында аудан әкімі орынбасарының атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының ауданда орындалу барысы. Ақтоғай аудандық мәслихатының 2022 жылғы 5 наурыздағы 14 сессиясының «Қылмыстық жазаларды және өзге

де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын органдар мен мекемелер қызметіне жәрдемдесу, сондай-ақ қылмыстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру бойынша Ақтоғай ауданы әкімдігінің жанындағы консультациялық-кеңесші орган құру туралы» №120 шешіміне өзгерістер енгізу. Ақтоғай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 28 қыркүйектегі 6 сессиясының «Ақтоғай ауданы әкімдігінің жанындағы құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі аудандық ведомстволық комиссиясының құрамын бекіту туралы» №65 шешіміне өзгерістер енгізу туралы мәселе қаралды. Сонымен қатар, жетінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезекті он жетінші сессиясының күн тәртібі, редакциялық комиссиясы туралы хабарлама жасалды. Депутаттар тарапынан баяндамашыларға сұрақтар қойылып, ұсыныс-пікірлер айтылды. Шешім жобасы бекітіліп, сессияға ұсынылды.

Думан Аманкелдіұлы.



Рамазан – мұсылмандардың ұлық мерекесі

«Рамазан – адамдарға тура жол нұсқаушы, ақ пен қараны айырушы, бекем тұтынатын жолбасшы ретінде Құран түсіріле бастаған ай. Рамазан айы туғанын көрген адам бірден ораза ұстайтын болсын. Егер біреулер ауру болып, әйтпесе жолсапарда жүрсе, онда басқа күндерде өтесін. Алла сендерге жеңілдік болуын қалайды, ауырлық түсіргісі келмейді.»

Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы бойынша Рамазан айының кестесі

Рамазан айы	Апта күндері	Сәуір және мамыр	Таң намазы (сәресі бітетін уақыт)	Күннің шығуы	Бесін намазы	Екінгі намазы	Ақшам (ауызашар уақыты)	Құптан намазы
1	Сенбі	2 сәуір	5:08	06:32	13:09	17:37	19:38	21:01
2	Жексенбі	3 сәуір	5:05	06:30	13:08	17:38	19:40	21:03
3	Дүйсенбі	4 сәуір	5:03	06:28	13:08	17:39	19:41	21:04
4	Сейсенбі	5 сәуір	5:01	06:26	13:08	17:41	19:43	21:06
5	Сәрсенбі	6 сәуір	4:58	06:24	13:08	17:42	19:44	21:08
6	Бейсенбі	7 сәуір	4:56	06:22	13:07	17:43	19:46	21:10
7	Жұма	8 сәуір	4:53	06:20	13:07	17:44	19:47	21:12
8	Сенбі	9 сәуір	4:51	06:18	13:07	17:45	19:49	21:14
9	Жексенбі	10 сәуір	4:49	06:16	13:06	17:46	19:50	21:15
10	Дүйсенбі	11 сәуір	4:46	06:14	13:06	17:47	19:52	21:17
11	Сейсенбі	12 сәуір	4:44	06:12	13:06	17:48	19:53	21:19
12	Сәрсенбі	13 сәуір	4:41	06:10	13:06	17:49	19:54	21:21
13	Бейсенбі	14 сәуір	4:39	06:08	13:05	17:50	19:56	21:23
14	Жұма	15 сәуір	4:37	06:06	13:05	17:51	19:57	21:25
15	Сенбі	16 сәуір	4:34	06:04	13:05	17:51	19:59	21:27
16	Жексенбі	17 сәуір	4:32	06:02	13:05	17:52	20:00	21:29
17	Дүйсенбі	18 сәуір	4:29	06:00	13:04	17:53	20:02	21:31
18	Сейсенбі	19 сәуір	4:27	05:58	13:04	17:54	20:03	21:33
19	Сәрсенбі	20 сәуір	4:25	05:56	13:04	17:55	20:05	21:35
20	Бейсенбі	21 сәуір	4:22	05:54	13:04	17:56	20:06	21:37
21	Жұма	22 сәуір	4:20	05:53	13:04	17:57	20:08	21:39
22	Сенбі	23 сәуір	4:17	05:51	13:03	17:58	20:09	21:41
23	Жексенбі	24 сәуір	4:15	05:49	13:03	17:59	20:10	21:43
24	Дүйсенбі	25 сәуір	4:13	05:47	13:03	18:00	20:12	21:45
25	Сейсенбі	26 сәуір	4:10	05:45	13:03	18:01	20:13	21:47
26	Сәрсенбі	27 сәуір	4:08	05:43	13:03	18:02	20:15	21:49
27	Бейсенбі	28 сәуір	4:05	05:42	13:03	18:03	20:16	21:51
28	Жұма	29 сәуір	4:03	05:40	13:02	18:03	20:18	21:53
29	Сенбі	30 сәуір	4:01	05:38	13:02	18:04	20:19	21:55
30	Жексенбі	1 мамыр	3:58	05:37	13:02	18:05	20:21	21:57

ЕСКЕРТУ:

• Биыл, яғни 2022 жылы мұсылмандық ай күнтізбесі бойынша Қасиетті Рамазан айы – 30 күн.

- 1 сәуір Тарауық намазы оқылады.
- Сәресі ішу таң намазының кіруіне 10 минут қалғанда тоқтатылады.
- Ауызды ақшам намазының уақыты болысымен құрмамен немесе сумен және т.б. жеміспен де ашуға болады.
- Тарауық намазы Құптан намазынан кейін оқылады, ал Үтір-Уәжіп намазы ең соңынан жамағатпен оқылады.
- Пітір-садақаны Рамазан айының басынан айт намазына дейін беруге болады. Пітір – 500 теңге.

6. Сәуір айының 27-сінен 28-іне қараған түн Ләйләтул-Қадр, яғни қасиетті Қадір түні.
- 2 мамыр (дүйсенбі) күні Ораза айт мейрамы басталады.
8. **Оразаға ниет:** «Алла тағала үшін мұбарак Рамазан айының оразасын ұстауға таңнан күн батқанға дейін ниет еттім».
9. **Ауызашар дұғасы:** «Жаратқан Ием Сен үшін ораза ұстадым, Саған иман келтірдім, Саған тәуекел еттім, Сен берген ризық несібеммен ауыз аштым. Иә, кешірімді Алла! Менің алдыңғы және соңғы күнә-кемшіліктерімді кешіре гөр!»

ҚҰРМЕТТІ МҰСЫЛМАН БАУЫРЛАР!

Алла тағала бәріңізге мықты денсаулық, зор күш-қуат берсін, жасаған нибадтарыңызды қабыл етсін!

Оразаны не бұзбайды?

1. Ұмытып ішіп-жеу оразаны бұзбайды. Бірақ, ұмытқан адам есіне түскен кезде жеуді дереу тоқтатуы керек.
2. Аузына келген қақырықты жұту.
3. Түкірік немесе мұрынды тарту арқылы бір нәрсенің тамаққа кетуі.
4. Құлаққа су кіру, бұлық ағу.
5. Темекі түтіні немесе топырақ, шаң, ұнның тозаңы, қардың ұшқыны, жауынның тамшылары тамаққа еріксіз кірсе, ораза бұзылмайды.
6. Тістердің арасында қалған тамақ қал-дықтары ноқаттан кішкене болса, оны жұту оразаны бұзбайды.
7. Еріксіз ауыз толы құсу немесе оның ішке қайта кетуі оразаны бұзбайды.
8. Қан алдыру немесе сүлік салдыру.
9. Көзге дәрі тамызу.
10. Мисуак немесе тіс пастасын қолдану оразаны бұзбайды. Бірақ, тіс пастасы ішке кетіп қалса бұзылады. Ең абзалы, таң намазы кірмей тұрып тістерді жуу.
11. Тіс жұлдыру оразаға кедергі жасамайды. Бірақ, жұлдырған уақытта ауыздағы қанды, яки дәріні жұтпау шарт.
12. Ауыз бен мұрынға су алып шайқау оразаны бұзбайды. Бірақ, тамаққа кетпеуін қадағалау қажет.
13. Душқа жуыну, теңізге, көлге түсу оразаны бұзбайды. Бірақ, су жұтып қоюдан сақтануы керек.

Оразаны не бұзады?

1. Әдейі бір нәрсені жеп-ішу.
2. Темекі шегу, насыбай ату, дәрі ішу, құрамында нәрлі заттары бар укол қабылдау.
3. Себепсіз қорек немесе қоректік қасиеті бар барлық заттарды біле тұра әдейілеп жеу оразаны бұзады. Мұндай жағдайларда қарғарат оразасын ұстау қажет. Қарғарат – Рамазан айының оразасын себепсіз, біле тұра бұзып жіберсе, екі ай ораза ұстауды, оған шамасы келмесе, алпыс кедейді тамақтандырып, тойғызуды айтады.
- Сәресіде оқылатын дұға:** «Нәуәйту ән асумә сауәмә шәһри Рамаданә минәл фәжри иләл мағриби халисан лилләһи тағалә. Уә би сауми гадин науайту мин шахри рамадан». «Таңертеңнен кешке дейін Алланың разылығы үшін Рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім».
- Ауызашарда оқылатын дұға:** «Аллаһуммә ләкә сумту уә бикә өмәнту уә‘аләйкә тәуәккәлту уә‘ала ризқикә өфтарту уә сауәмәлғади мин шәһри Рамадана нәуәйту, фәғфирлии мәә қаддамту уә мә аххарту».
- «Я, Аллаһ! Сенің ризалығың үшін ораза ұстадым. Сенің берген ризығыңмен аузымды аштым. Саған иман етіп, саған тәуекел жасадым. Рамазан айының ертеңгі күнінде де ауыз бекітуге ниет еттім. Менің өткен және келешек күнеларымды кешіре гөр!»

АҚТОҒАЙ АҒАРҮ 4 **1 сәуір 2022 жыл**
2022 жылы аудан, кент, ауыл, ауылдық округ әкімдерінің тұрғындармен кездесулерде
түскен ұсыныстар, өтініш-пікірлерді орындаудың іс-шаралар жоспары

№	Ұсыныстардың, ескертулердің мазмұны	Ұсыныстар мен ескертулерді жүзеге асыру іс-шаралары	Орындау мерзімі	Орындауға жауапты	Ескерту
Айыртас ауылдық округі					
1	Е.Аманқұлов – ауыл тұрғыны. Ауылымыздағы негізгі орта мектеп бала санының аздығына байланысты жабылып қалды. Өткен жылы мектепке бала әкелу және отбасы көшіріп әкелу бағытында жұмыстар өз мәнінде жүргізілмеді. Биыл осы жұмыстарды қатты қолға алып, ауылымыздың іргесін сақтау үшін мектебімізді қайта ашу керек.	Мектепті қайта ашу бағытында жұмыс ұйымдастыру	01.06.2022	А.Аманжолов С.Жүнісов Қ.Бакиров	
2	М.Сүлеймен – «Бекарыс» шаруа қожалығының жетекшісі. Ауыл алыс, ұялы байланыс, интернет жоқ. Осындай ауылға отбасылар, жас мамандардың келуі қиын. Ауылымызға ұялы байланыс, интернеттен көмек болса.	Демеушілер арқылы жұмыс жүргізу	01.07.2022	Қ.Қошантаев А.Қапашев Қ.Бакиров Б.Ақпанбаев	
Құсақ ауылдық округі					
3	Исмагулов Саулбек – мектеп мұғалімі Құсақ-Нарманбет арасындағы көтерме жолдың сапасы сын көтермейді, әр жеріне жөндеу жұмыстары жасалған, сапасыз жүргізілген. Осы жолға жөндеу жұмыстары жоспарда бар ма, қай жылға жоспарлануда?	Жоғарғы тұрған органға ұсыныс беру	01.07.2022	Қ.Қошантаев А.Қапашев Д.Мұқатай	
4	Смаханов Мәдіхан – мектеп мұғалімі. Ауыл тұрғындары жиналып өз қаражатымызға Ақтоғай техникалық желілер учаскесінің басшысының ұйымдастыруымен интернет желісі орнатылған болатын. Бүгінгі күні интернет бірқалыпты жұмыс жасамайды. Көптеген жұмыстар, сабақтар онлайн өтетінін ескерсек, интернет жүйесі қалыпты жұмыс жасауы қажет. Осы жұмысқа аудан әкімдігі және тиісті бөлімдерден көмек қажет	Интернет жылдамдығын арттыру бағытында жұмыстар жасау	01.04.2022	Қ.Қошантаев А.Қапашев Б.Ақпанбаев Д.Мұқатай	
Абай ауылдық округі					
5	Нарманбет-Абай бағытындағы жолға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілсе.	Жоспарға енгізуге ұсыныс беру	01.07.2022	Қ.Қошантаев А.Қапашев Қ.Тұрғанбеков	
Қарабұлақ ауылдық округі					
6	Ауылымызда интернет дұрыс істемейді. Интернеттің қаржысын уақытылы төлеп отырмыз, алайда интернет сапасы төмен.	Интернет жылдамдығын арттыру бағытында жұмыстар жасау	01.05.2022	Қ.Қошантаев Б.Ақпанбаев А.Иманғазин	
7	Ауыл ішінің электр жарықтары жаздай өшіп қалады, бәрі тозып тұр. КТП жаңартылса.	Жоғарғы тұрған органға ұсыныс беру	01.08.2022	Қ.Қошантаев А.Қапашев А.Иманғазин	
Ортадересін ауылдық округі					
8	Ауылдық округ бойынша өзекті мәселе ретінде Ақжайдақ станциясына кейбір тұрғын үйге кірмей тұрған ауыз су мәселесі шешілсе.	Ауыз су желісін тұрғын үйлерге тарту жұмыстарын жүргізу	01.08.2022	Қ.Қошантаев А.Қапашев С.Қрқруов	
Шашубай кенті					
9	Сериков Ергазы – кент тұрғыны. Кентте кәріз және фекалды қалдықтар жүйесі орнатылмаған, барлық канализациялық қалдықтар сыртқа шығарылады. Жаңа КСС (кәріз су сору станциясы) қашан орнатылады?	Кәріз жүйесін «Балқаш Су» кәсіпорыны балансына беру үшін жұмыстар ұйымдастыру	01.09.2022	Қ.Қошантаев А.Қапашев Е.Керімбай Д.Сериков	
10	Мұхамеджанова Арайлым – кент тұрғыны. Біздің кентімізге қызмет көрсету бойынша «СужылуТранс» ЖШС-мен келісім-шартқа отыру мүмкіндігі бар ма?	Кәріз жүйесін «Балқаш Су» кәсіпорыны балансына беру үшін жұмыстар ұйымдастыру	01.09.2022	Қ.Қошантаев А.Қапашев Е.Керімбай Д.Сериков	
11	Шашубай кентінің жылу жүйесін Балқаш қаласының иелігіне беру мүмкіндігін қарастырсаңыздар.	Жоғарғы тұрған органға ұсыныс беру	01.09.2022	Қ.Қошантаев А.Қапашев Д.Сериков	
12	Кенттің электр желілерін «ЖезРЭК» мекемесінің балансына беру жұмыстары қашан іске асырылады.	Жоғарғы тұрған органға ұсыныс беру	01.09.2022	Қ.Қошантаев А.Қапашев Д.Сериков	
Торағалық ауылдық округі					
13	Әби Бірлес – ауыл тұрғыны, шаруа қожалық жетекшісі. Ауылда ең өзекті мәселе ауыз су мәселесі екені белгілі. Аталған мәселе бойынша жұмыстар жүргізілсе.	Ауыз су желісін тұрғын үйлерге тарту жұмыстарын жүргізу	01.07.2022.	Қ.Қошантаев А.Қапашев Е.Керімбай А.Боран	
Тасарал ауылдық округі					
14	Г.Балтышева – мектеп директоры. Мектептің интернет желісі 8 Мгб болу керек, қазіргі уақытта 4 Мгб интернеттің жылдамдығын арттыру үшін кеңжақты интернет желісіне қосуға көмек көрсетсеңіздер.	Интернет жылдамдығын арттыру бағытында жұмыстар жасау	01.06.2022	Қ.Қошантаев А.Қапашев Б.Ақпанбаев Н.Сейтов	
Сарышаған кенті					
15	Адилсейтов Айдын Алтаевич. ФОК құрылысы қашан салынады?	Жоғарғы тұрған органға ұсыныс беру	01.08.2022	Қ.Қошантаев А.Кішкентаев А.Тоимбеков	
16	Шокпарова Аян Сағыншыевна. Көпбалалы отбасыларға арналған үйлердің құрылысы қашан басталады? 2021 жылы берілген 2 көпбалалы отбасы, осы күнге дейін жаңа үйге кірген жоқ, үйлері бос тұр. Арнайы комиссия тексеріп, ол үйлерді мұқтаж отбасыларға берсе.	Көпбалалы отбасыларға тұрғын үй сатып алу	01.05.2022	Қ.Қошантаев А.Қапашев А.Тоимбеков	
17	Апаттық жағдайдағы №3 ықшамауданы, 4 үйге жөндеу жұмыстары жүргізілсе?	Жоғарғы тұрған органға ұсыныс беру	01.08.2022	Қ.Қошантаев А.Қапашев А.Тоимбеков	
Қараменде би ауылдық округі					
18	М.Мұхтаров – ардагерлер ұйымының төрағасы. Ақтоғай-Ақтас бағытындағы көтерме жолға жасалған жөндеу жұмыстарының сапасын қадағалау қажет, жұмыс сапасы өте нашар. Осы жолға жөндеу жұмыстары жүргізілсе.	Жоспарға сәйкес жұмыс ұйымдастыру	01.08.2022.	Қ.Қошантаев А.Қапашев Қ.Азиров	
19	Қуаныш ауылына көптен бері айтылып келе жатқан ауыз су жүйесі тартылса.	Ауыз су желісін тұрғын үйлерге тарту жұмыстарын ажүргізу	01.09.2022	Қ.Қошантаев А.Қапашев Қ.Азиров	
Нүркен ауылдық округі					
20	Изатов Жүніс – ауыл тұрғыны. Көтерме жолға сапалы жөндеу жұмыстары жасалса?	Жоспарға сәйкес жұмыс ұйымдастыру	01.08.2022.	Қ.Қошантаев А.Қапашев Ж.Құдайбергенов	
Сарыгерек ауылдық округі					
21	Ақтұмсық, Жетімшоқы елді мекендеріне ауыз су жүйесі тартылса.	Жоспарлы жұмыстарды ұйымдастыру	01.08.2022		
Кежек ауылдық округі					
22	Ақши ауылына кіретін 14 км көтерме жолға жөндеу жұмыстары жүргізіліп, суағарлар салынса.	Жоспарға сәйкес жұмыс ұйымдастыру	01.08.2022.	Қ.Қошантаев А.Қапашев М.Макенбаев	
Жидебай ауылдық округі					
23	Жалаңаш, Үшарал ауылдарына ұялы байланыс орнату жұмыстары қолға алынса.	Жоспарға сәйкес жұмыс ұйымдастыру	01.08.2022.	Қ.Қошантаев А.Қапашев Б.Ақпанбаев М.Төлегібеков	

№	Ұсыныстар мен ескертулерді жүзеге асыру іс-шаралары	Ұсыныстардың, ескертулердің мазмұны	Орындау мерзімі	Орындауға жауапты	Ескерту
24	Жаланаң, Үшарал ауылдарындағы ауыз су мәселесі қашан шешіледі?	Жоспарлы жұмыстарды ұйымдастыру	01.08.2022	Қ.Қошантаев А.Қапашев М.Төлепбеков	
25	Электр желілерінің тозығы жеткен, жарық жиі сөнеді. Осы мәселе қашан өз шешімін табады.	Электр желілерін заңдастыру жұмыстарын жандандыру, ақауларды жөндеу	01.07.2022	Қ.Қошантаев А.Қапашев М.Төлепбеков	
Шабанбай би ауылдық округі					
26	М.Ынтықбаев – ағаш шебері, ауылдың тұрғыны. Ауыл бойынша электр энергиясы жиі сөнеді, электр трансформаторлары, желілері ескірген, тоққа қашан иелік жасалып, жөнделеді.	Көше жарығының тұрақты жануын қамтамасыз ету	01.08.2022	Қ.Қошантаев А.Қапашев Ж.Құдашбаев	
27	Аудан орталығына қатынайтын жолға жөндеу жұмыстары жүргізілсе.	Жоспарға сәйкес ағымдағы жөндеу жүргізу	01.08.2022	Қ.Қошантаев А.Қапашев Ж.Құдашбаев	
Қызылжар ауылдық округі					
28	Арынбаев Нұрбол – «Алғабас» шаруа қожалығының жетекшісі. Кенасу, Ақжарық, Жартас су қоймалары қалпына келтіріліп, күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілсе.	Жоғары тұрған органға ұсыныс беру	01.08.2022	Қ.Қошантаев А.Қапашев С.Спанов	
29	Ауданға қатынайтын жолға жөндеу жұмыстары жүргізілсе	Жоспарға сәйкес жұмыстарды жүргізу	01.08.2022	Қ.Қошантаев А.Қапашев С.Спанов	
30	Ауылдағы фельдшерлік амбулаториялық пунктке модульдік құрылыс жұмыстары жүргізілсе	Жоғарғы тұрған органға ұсыныс беру	01.07.2022	А.Аманжолов Е.Джумажанов С.Спанов	
31	Балқаш қаласына қатынайтын автобус жүрмей қалды, осы мәселені шешу қажет.	Жоғарғы тұрған органға ұсыныс беру	01.07.2022		
Ақтоғай ауылы					
32	Аудан орталығындағы басты мәселенің бірі – электр энергиясы. Осы мәселені шешу үшін жұмыстар жүргізілсе	Жоғарғы тұрған органға ұсыныс беру	01.09.2022	Қ.Қошантаев А.Қапашев К.Болғанбаев	
33	Ж.Омарбекова – ауыл тұрғыны Ауыл ішіндегі жеке бордақы аялдары елді мекеннен тыс жерлерге көшірілсе және қадағаланса	Тиісті жұмыстар ұйымдастыру	01.06.2022	С.Амралин Қ.Изақов К.Болғанбаев	
34	Аудан орталығындағы интернет жылдамдығын арттыруға жұмыстар жүргізілсе	Тиісті органға ұсыныс беру	01.07.2022	Қ.Қошантаев А.Қапашев Б.Ақпанбаев К.Болғанбаев	

Аудан әкімінің аппараты.

Қарағанды облысының әкімі Ж.М.Қасымбектің Ақтоғай ауданындағы 2022 жылдың 11 наурызында өткен кездесуінде тұрғындар тарапынан айтылған ұсыныс-пікірлерді жүзеге асыру іс-шарасы

№	Ұсыныс-пікірлер мазмұны (автор, адрес)	Жүзеге асыру іс-шарасы	Жауаптылар
1.	Сыздықов Сәкітай, Ақтоғай аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, Ақтоғай ауылының тұрғыны. Аудан бойынша тұрғындарды электр энергиясымен тұрақты қамтамасыз ету кейінгі 4-5 жыл көлемінде үлкен проблемалық мәселе болып тұр, осы мәселе түбегейлі шешілсе.	Электр желілерін сот арқылы коммуналдық меншікке қайтару, ЖезРЭК мекемесіне өткізу.	Қарағанды облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Үсенов Ұ.Т. Ақтоғай ауданының әкімі Әбеуова С.М.
2.	Сыздықов Сәкітай, Ақтоғай аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, Ақтоғай ауылының тұрғыны. Ақтоғай – Қарағанды бағытындағы жолға жөндеу жұмыстарын жүргізу	Мүмкіндігін қарастыру	Ақтоғай ауданының әкімі Әбеуова С.М. Қарағанды облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Шаймин С.Қ.
3.	Мұстахаев Есенгелді, Ортадересін ауылдық округі Бектауата елді мекенінде тұрамын. Ауылда подстанция бар, соны қарап отырмын, маған еңбекақы төленбейді.	Электр желілерін сот арқылы коммуналдық меншікке қайтару, ЖезРЭК мекемесіне өткізу.	Ақтоғай ауданының әкімі Әбеуова С.М. Қарағанды облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Үсенов Ұ.Т.
4.	Карипбаева Динара, Шашубай кентінің тұрғыны Шашубай кентіндегі көпқабатты үйді жөндеуге алғашқы қаржы бөлінді, әрі қарай жоспар қалай болады?	Бюджеттік нақтылауларда қосымша қаражат қарау	Ақтоғай ауданының әкімі Әбеуова С.М. Қарағанды облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Жайлыбаев А.Ә.
5.	Шаймағанбетов Райымбек – «Ұлан» шаруа қожалығының жетекшісі, Қусақ ауылдық округі Нарманбет ауылының көпірі жөнделсе	ЖСҚ дайындап, жөндеуге ұсыну	Ақтоғай ауданының әкімі Әбеуова С.М. Қарағанды облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Шаймин С.Қ.
6.	Шаймағанбетов Райымбек – «Ұлан» шаруа қожалығының жетекшісі, Қусақ ауылдық округі Нарманбет-Қусақ жолына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет.	Бюджеттік өтінім беру	Ақтоғай ауданының әкімі Әбеуова С.М. Қарағанды облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Шаймин С.Қ.
7.	Мангишев Нариман – Аудандық мәслихат депутаты, Шашубай кентінің тұрғыны. Шашубай кентінің ауыз су және кәріз жүйесі Балқаш қаласына берілсе.	Мамыр айында Балқаш қаласымен біріккен жиналыс өткізіп, мәселелерді шешу	Ақтоғай ауданының әкімі Әбеуова С.М. Қарағанды облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Үсенов Ұ.Т.
8.	Мангишев Нариман – Аудандық мәслихат депутаты, Шашубай кентінің тұрғыны. Жылу жүйесі Балқаш қаласының орталықтандырылған жүйесіне қосылса	Мамыр айында Балқаш қаласымен біріккен жиналыс өткізіп, мәселелерді шешу	Ақтоғай ауданының әкімі Әбеуова С.М. Қарағанды облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Үсенов Ұ.Т.
9.	Әдіханова Мереке – Қызылжар ауылының тұрғыны. Ақтоғай-Қызылжар бағытындағы жол жөнделсе.	10 км жолға асфальт төсеуге бюджеттік өтінім беру	Ақтоғай ауданының әкімі Әбеуова С.М. Қарағанды облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Шаймин С.Қ.
10.	Бақан Ермек – Айыртас ауылының тұрғыны. Ауылға ұялы байланыс қажет.	Байланыс иелерімен сөйлесіп, шешу жолдарын қарастыру	Ақтоғай ауданының әкімі Әбеуова С.М. Қарағанды облысының ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының басшысы Байжанов Р.О.
11.	Жортаров Қайдар – Қарабұлақ ауылдық округінің тұрғыны. Ауылдық округ жерінен «Атасу-Алашонқоу» мұнай құбыры бойында 60-қа жуық шаруа қожалықтары орналасқан. Тоқ көздері жоқ. Күннен қуат алатын панельдер пайдаланып отыр. Меншік иелері электр қуатын алуға рұқсат берсе	Шаруа қожалықтарымен бірігіп, облыс әкімінің атына ұсыныс беру, 14.03.2022 жылы Қарағанды қаласында өтетін ауылшаруашылық құрылтайына қатыстыру.	Ақтоғай ауданының әкімі Әбеуова С.М. Қарағанды облысының ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Санаубаров А.Д.
12.	Бакиров Мұрат – зейнеткер, Ақтоғай ауылының тұрғыны. Өзім зейнеткермін, зейнетақы мөлшерін көтеруге ұсыныс берілсе	Жоғары тұрған органға ұсыныс беру	Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы Қрюкова Н.А.
13.	Бакиров Мұрат – зейнеткер, Ақтоғай ауылының тұрғыны. Мал саны артып, мал жайылымында қиындықтар туындауда. Тиімсіз пайдаланылып отырған жерлер қайтарылса.	Елді мекендерде мал жайылымына резервке жерлер қарастыру	Ақтоғай ауданының әкімі Әбеуова С.М. Қарағанды облысының жер қатынастары басқармасының басшысы Бұлқайыр Д.Б.

(Жалғасы 6-бетте).

№	Ұсыныс-пікірлер мазмұны (автор, адрес)	Жүзеге асыру іс шарасы	Жауаптылар
14.	Бакиров Мұрат – зейнеткер, Ақтоғай ауылының тұрғыны. Ақтоғайдан Ақсу-Аюлыға дейінгі жол жөнделсе.	Облыстық басқармаға бюджеттік өтінім беру	Ақтоғай ауданының әкімі Әбеуова С.М. Қарағанды облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Шаймин С.Қ.
15.	Қалақбасов Бауыржан – Аудандық мәслихат депутаты, Сарышаған кентінің тұрғыны. Кенттегі авариялық үйге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілсе.	ЖСҚ сараптамасымен қоса аяқтап, жөндеу жұмыстарына бюджеттік өтінім беру	Ақтоғай ауданының әкімі Әбеуова С.М.
16.	Қалақбасов Бауыржан – аудандық мәслихат депутаты, Сарышаған кентінің тұрғыны. Кенттегі дене шынықтыру және сауықтыру кешенінің құрылысы басталса	Сараптама қорытындысы алынған соң, «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы бойынша өтінім беру	Ақтоғай ауданының әкімі Әбеуова С.М. Қарағанды облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Жайлыбаев А.Ә.
17.	Қалақбасов Бауыржан – Аудандық мәслихат депутаты, Сарышаған кентінің тұрғыны. Кенттегі қалған 8 көшенің жолдары жөнделсе және көше жарықтары орнатылса.	«Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы бойынша бюджеттік өтінім беру	Ақтоғай ауданының әкімі Әбеуова С.М.
18.	Қалақбасов Бауыржан – Аудандық мәслихат депутаты, Сарышаған кентінің тұрғыны. Көпбалалы отбасыларға тұрғын үй салынса.	Облыстық құрылыс басқармасына ұсыныс беру	Ақтоғай ауданының әкімі Әбеуова С.М. Қарағанды облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Жайлыбаев А.Ә.
19.	Қалақбасов Бауыржан – Аудандық мәслихат депутаты, Сарышаған кентінің тұрғыны. Нұр-Сұлтан - Алматы бағытындағы 508 шақырымында мал өтетін өткел жол болса.	Нысанның тапсырыс берушісі тарапынан жобаға өзгеріс енгізуге ұсыныс беру	Ақтоғай ауданының әкімі Әбеуова С.М. Қарағанды облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Шаймин С.Қ.
20.	Тілеуберенов Болат – Ақтоғай ауылының тұрғыны. Бағаны тұрақты қарау қажет, көмір бағасы қымбат.	Бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу, бақылау жасау	Қарағанды облысының өнеркәсіп және индустриалды инновациялық даму басқармасының басшысы Қыдырғанбеков М.Е. Ақтоғай ауданының әкімі Әбеуова С.М.
21.	Тілеуберенов Болат – Ақтоғай ауылының тұрғыны. Мал жайылымы жоқ. Жер мәселелерін шешу қажет.	Елді мекендерде мал жайылымына резервке жерлер қарастыру	Ақтоғай ауданының әкімі Әбеуова С.М. Қарағанды облысының жер қатынастары басқармасының басшысы Бұлқайыр Д.Б.
22.	Тілеуберенов Болат – Ақтоғай ауылының тұрғыны. Фермерлерге субсидия беру қажет.	Субсидия беру ережесіне ұсыныстар енгізу	Ақтоғай ауданының әкімі Әбеуова С.М. Қарағанды облысының ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Санаубаров А.Д.
Жеке қабылдау			
23.	Құлшикенов Нурлан Жумашұлы – Ақтоғай ауылы, Жидебай көшесі, 5. Ақтоғай ауданының «Тоқырауын толқыны» халықтық ән-би ансамблі және «Ақтоғай» халық театрына қызметтік шағын автобуспен қамтамасыз ету.	«QazTehna» Саран зауытында шағын автобус құны мәселесін пысықтау ҚР-ның заңнамасы шеңберінде бюджеттік нақтылау кезінде шағын автобус сатып алуға қаржы бөлу	Ақтоғай ауданының әкімі Әбеуова С.М. Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Жумекенов Е.К.
24.	Құлшикенов Нурлан Жумашұлы – Ақтоғай ауылы, Жидебай көшесі, 5. Шетелге іссапарларға шығу туралы	Түркияға және басқа да шетелдерге ансамбльдің гастрольдік сапарын қаржыландыру мүмкіндігін қарастыру	Ақтоғай ауданының әкімі Әбеуова С.М. Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Жумекенов Е.К.
25.	Елеусизова Гүлнар Метаевна – Ақтоғай ауылы, Сана би, 11/2. «Бизнестің жол картасы – 2020-25» бизнесті қолдау мен дамытудың шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берілетін мемлекеттік грант бойынша (БАҚ қызметі)	Өтініш берушімен мәселені пысықтау, қолдау, грант беру мүмкіндігін қарастыру	Ақтоғай ауданының әкімі Әбеуова С.М. Кәсіпкерлік басқармасының басшысы Аblaева Т.Ю.
26.	Болатбай Анархан Мүкебайқызы, Найманбаев көшесі, 12. «Бизнестің жол картасы – 2025» кәсіпкерлікті қолдау және дамыту бағдарламасы бойынша шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік грант алу туралы (наубайхана)	Өтініш берушімен мәселені пысықтау, грант негізінде кәсіпкерлерді қолдаудың қолда бар құралдары негізінде грант беру мүмкіндігін қарау	Ақтоғай ауданының әкімі Әбеуова С.М. Кәсіпкерлік басқармасының басшысы Аblaева Т.Ю.

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясының Ақтоғай ауданының Шабанбай би ауылдық округі әкіміне кандидаттарды тіркеу туралы ХАБАРЛАМАСЫ

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 113-1-бабына сәйкес 2022 жылдың 10 сәуір айына Ақтоғай ауданының Шабанбай би ауылдық округі әкіміне 2022 жылдың 29 наурызында 3 кандидаттың тіркелгендігін хабарлайды.

Ауылдық округі	Үміткерлердің тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Жұмыс орны, тұрғылықты жері	Ұсынылған тәсілі
Шабанбай би ауылдық округі	Мурасов Асқар Какимович	1973 ж.	«Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Ақтоғай орман шаруашылығы» КМ мекемесі директорының орынбасары, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Шабанбай би ауылдық округі, Шорин Шәріп көшесі, 16 үй	«Аmanat» партиясының ұсынуымен
Шабанбай би ауылдық округі	Райымбеков Жанболат Жанатбекулы	1987 ж.	«Ақтоғай ауданының ішкі саясат бөлімі» ММ-нің бас маманы, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, Жидебай көшесі, 40	Өзін-өзі ұсынуымен
Шабанбай би ауылдық округі	Смағұлов Нурбол Нурмбекович	1980 ж.	«Ақтоғай ауданы әкімі аппараты» ММ-нің кадр қызмет бөлімінің басшысы, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, К.Байсейітова көшесі 8 «а», 2-пәтер	Өзін-өзі ұсынуымен

АҚТОҒАЙ АУДАНДЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ.

СООБЩЕНИЕ АКТОГАЙСКОЙ РАЙОННОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ

о регистрации кандидатов в акима Шабанбайбийского сельского округа Актогайского района Актогайская районная избирательная комиссия в соответствии со статьей 113 1 Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» 29 марта 2022 года зарегистрировала 3 кандидатов в акима Шабанбайбийского сельского округа Актогайского района, назначенных на 10 апреля 2022 года

Наименование сельского округа	Ф.И.О кандидатов	год рождения	Место работы, место жительства	Предлагаемый способ
Сельский округ Шабанбай би	Мурасов Асқар Какимович	1973 г	КТУ «Актогайское лесное хозяйство по охране лесов и животного мира», заместитель директора Карагандинская область, Актогайский район, сельский округ Шабанбай би, ул. Шорина Шарип, д.16	по представлению партии «Аmanat»
Сельский округ Шабанбай би	Райымбеков Жанболат Жанатбекулы	1987 г	ГУ «Отдел внутренней политики Актогайского района», главный специалист Карагандинская область, Актогайский район, с.Актогай, ул. Жидебая, д.40	самовыдвижение
Сельский округ Шабанбай би	Смағұлов Нурбол Нурмбекович	1980 г	ГУ «Аппарат акима Актогайского района», руководитель отдела кадровой службы Карагандинская область, Актогайский район, с.Актогай, ул. К.Байсейитовой, д.8а, кв 2	самовыдвижение

АКТОГАЙСКАЯ РАЙОННАЯ ИЗБИРАТЕЛЬНАЯ КОМИССИЯ.

Сайлаушылармен кездесу үшін мекен-жайлар мен орындар туралы ақпарат

№	Аумақ	Елді мекен атауы	Сайлаушылармен кездесу үшін мекен-жайы, орналасқан жері
Ауылдық округ			
1	Ақтоғай ауданы	Шабанбай би ауылдық округі	Шабанбай би ауылдық округі, Ә.Бөкейхан көшесі, 6А Клуб үйінің акт залы

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы

Үгіт материалдарын орналастыру мекен-жайлары, орналасқан жерлері туралы ақпарат

№	Аймақ	Қаулының берілген күні, нөмірі	Елді мекен атауы	Үгіт материалдарын орналастыруға арналған орындар (ауданы м2) мекен-жайлары
Актогайский район				
1	Ақтоғай ауданы	01.03.2011 ж. №04/01	Шабанбай би ауылдық округі	Клуб үйі ғимаратының жанындағы ақпараттық стенд 1ш/м

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы

Ақтоғай ауданы Шабанбай би ауылдық округінің әкіміне үміткерлердің сайлауалды бағдарламалары

Ақтоғай ауданы Шабанбай би ауылдық округі әкіміне үміткер Райымбеков Жанболат Жанатбекұлының Өмірбаяны

Мен Райымбеков Жанболат Жанатбекұлы, 1987 жылы 12 желтоқсанда Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылында өмірге келдім. Ұлтым қазақ. Тұрғылықты жерім: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, Жидебай көшесі, 40 үй.

1994 жылы Ә.Бөкейхан атындағы жалпы білім беретін орта мектебінің табалдырығын аттап, 2003 жылы бітіріп, 2003-2006 жылдар аралығында Қарағанды маңызды білім беретін «Болашақ» колледжінде құқықтану мамандығы бойынша толық курсы бітіріп, арнаулы орта заңгер білімін алдым.

2006-2007 жылдар аралығында №2021 әскери бөліміндегі әскери борышымды өтедім. Шенім – кіші сержант.

01.09.2007-25.05.2010 жылдарда ЖМ Қарағанды «Болашақ» университетінде оқып, «Құқықтану» мамандығы бойынша біліктілігі бакалавр академиялық дәрежесі берілген жоғарғы білім алдым.

2008-2009 жылдар аралығында Ақтоғай ауданы әкімі аппаратының құжаттармен қамтамасыз ету және құқықтық бақылау бөлімінде өтініштермен жұмыс, құжаттардың орындалысын бақылау жөніндегі маманы, «Берер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде «Жол картасы» бағдарламасы негізінде жұмыс жасадым. 2009-2014 жылдарда «Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Ақтоғай шаруашылығы» муниципалдық мемлекеттік мекемесінде аншылық маманы болып қызмет істедім.

05.01.2015-04.12.2017 жылдар аралығында «Ақтоғай ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы қызметін атқардым.

04.12.2017 жылдан бастап «Ақтоғай аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы мемлекеттік қызметіне қабылданып, бүгінгі күнге дейін қызмет атқарып келемін.

Отбасы жағдайында анам және әйелім, үш баламмен бірге тұрамын.



Шабанбай би ауылдық округінің әкімі лауазымына үміткер Смагулов Нурбол Нурмбековичтің Өмірбаяны

Смагулов Нурбол Нурмбекович Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылында 1980 жылдың 18 наурызында дүниеге келген. Жоғары білімді. 1996-2000 ж.ж. аралығында Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университетін «кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша бітірген. 2003-2005 ж.ж. аралығында Қарағанды маңызды білім беретін «Болашақ» институтын «құқық» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолы 2001-2003 ж. Ақтоғай селосында «Энергия» ЖШС мекемесінде электр-контролер, 2005-2006 жылдары Балқаш қалалық сотының бас маманы, сот отырысының хатшысы. 2006-2013 ж. Қарағанды облысы Соттар Әкімшісі Ақтоғай аумақтық сот орындаушылар бөлімінің сот орындаушысы. 2014-2015 ж. «Ақтоғай ауданы әкімі аппараты» ММ-сі кәмететке жасы толмағандар жөніндегі инспектор. 2015-2017 ж. «Ақтоғай ауданы әкімі аппараты» ММ-нің кадр қызмет бөлімінің бас маманы. 2017 жылдың 8 тамызынан бастап «Ақтоғай ауданы әкімі аппараты» ММ-нің кадр қызмет бөлімінің басшысы болып қызмет атқарады.



Сайлауалды бағдарламасы

Мемлекет басшысының халыққа арнауларында дамудың жаңа жолдары мен бағыттары нақты бағамдалатындай және бізге жүктелген міндеттердің қай-қайсы болмасын өте өзекті. ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: Жанару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі Жолдауын қолдай келе негізге ала отырып, стратегиялық даму жоспарының шеңберінде алдағы нақты міндеттерді жүзеге асыруда, ауылымыз бойынша әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етудің жаңа бағыттарын қалыптастыруда, адам өмірінің деңгейін және сапасын ауқымды көтеруге, мемлекеттік және аймақтық бағдарламаларды жүзеге асыру аясында бірқатар істер атқаруымыз қажет.

Менің сайлауалды бағдарламамда алға қойған мақсатымды 4 бағытқа бөлгілі отырмын.

1 бағыт – Әлеуметтік қорғау

Әлеуметтік саясат саласындағы бастапқы бағыт халықты әлеуметтік қорғау болуы тиіс, оның негізгі мақсаты халықтың аз қамтылған және әлеуметтік осал санаттарының және топтарының жағдайын жақсарту бойынша іс-шараларды іске асыру болып табылады. Әлеуметтік салада басты назар аударатын мәселелер:

- Зейнеткерлер мен мүгедектердің, аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардың, аналар мен балалардың мүдделерін қорғауға бағытталған әлеуметтік кепілдіктерді пайдалануға жағдай жасау.
- азаматтардың денсаулығын сақтау және санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша іс-қимылды күшейту;
- Жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, осыған орай ауылымызда спорт түрлерін жандандыру;
- жоғары білімге қолжетімділікті арттыру және оның сапасын көтеру.
- Отбасыларда және қоғам өмірінің өзге де салаларында жастарға адамгершілік және рухани тәрбие беруді жақсарту, балалар арасындағы заңбұзушылықты болдырмау туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу;
- Ауылымызда білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, кітапхана және т.б. мекемелердің материалдық-техникалық базасын одан әрі жақсарту және қамтамасыз ету үшін тиісті жұмыстарды ұйымдастыру;
- Жұмыспен қамту бағдарламасы арқылы тұрғындарды, әсіресе, жас мамандарды жұмыспен қамту мәселелерін шешу.

2 бағыт – Шағын және орта бизнесті қолдау

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, ол – кез келген ел экономикасының негізі. Яғни, ұлттық экономикамыздың жетекші күші.

Сайлауалды бағдарламасы

Мемлекет басшысының Жарлығымен елімізде әкімдердің сайланбалылығын енгізудің басты мақсаты – елдегі мемлекеттік басқарудың ең оңтайлы, айқынды және тиімді моделін қалыптастыру болып табылады. Сайлаушылар маған сенім білдірген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңдылықтарын сақтай отырып, Шабанбай би ауылдық округінде мемлекет жүргізіп отырған саясатқа сәйкес халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының оңалуына өз күш-жігерімді жұмсаймын.

- Атап айтқанда:
 - Заңда бекітілген тәртіп бойынша өз округімің тұрғындарының мүддесін қорғап, олардың талап-тілектерін жүзеге асыру;
 - Бюджет қаржысының тиімді, мақсатты түрде жұмсалып қамтамасыз ету;
 - Мемлекеттік бағдарламалардың барлық артықшылықтарын пайдалана отырып, ауылдық округтің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту;
 - Ауыл шаруашылығын дамытуға мемлекет тарапынан берілетін барлық жеңілдіктермен қаржылай қолдауға барлық шаруа қожалықтарының толыққанды қолжетімділігін қамтамасыз ету;
 - Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерді ауылшаруашылық жаңа техникалармен қамтамасыз ету, әр шаруа қожалықтарының жаңа жобаларын енгізулерін бағыттау жұмыстарын ұйымдастыру;
 - Мал басын асылдандыру, бордақшылау бағыттарында атқарылатын іс-шараларды ұйымдастыру;
 - Мал шаруашылығын және өсімдік шаруашылығын дамытуға байланысты жұмыстар жүргізу;
 - Көпжылдық шөптерді егу арқылы ең алдымен азық-түлік жерлерді қалпына келтіру және ауылдық округ көлемінде игерілмей жатқан егістік жерлерді айналымға қайта енгізу. Жем-шөп базасын нығайту;
 - Мақсатты түрде пайдаланбаған жер телімдерін дұрыс пайдалануға қосу жұмыстарын жүргізу;
 - Өңірге инвестиция тартуға жұмыстар жүргізу, инвестициялық жобаларды іске асыру арқылы жаңа жұмыс орындарын ашу;
 - Ауылдық округ тұрғындары үшін үн өнімдерін төмендетілген бағамен жеткізуді ұйымдастыру;
 - Жұмыссыздар санын азайту бойынша жұмыстарын жүргізу, кәсіптік даярлау және қайта даярлау курстары арқылы маман тапшылығы деңгейін төмендетіп отыру;
 - Шағын және орта бизнесті қолдау арқылы жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал етіп, жұмыссыздықтың деңгейін төмендету бағытындағы жұмысты жандандыру;
 - Кәсіпкерлік потенциалды дамытуға қолдау көрсету;
 - Электр қуатын беру сапасын жақсарту, тозаң электр желілерін айырбастау бойынша жұмыстар жүргізу. Жел күшімен және күн көзінен өндіретін қондырғыларды ауылдық округ аумағында кеңінен насихаттау және енгізу. Осы қондырғылар арқылы шаруа қожалықтарын электр қуатымен жабдықтау жұмыстарын жүргізу. Үнемдеу технологиясын енгізуге бағытталған кешенді жоспарын әзірлеу және іске асыру.
 - Тұрғындарға сапалы медициналық көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастыру. Азаматтардың сапалы медициналық емделуіне және ана мен бала денсаулығын сақтауға қолдау жасау;
 - Өңірде мобильді байланыс, интернет жүйесінің сапасын арттыруға күш салу;
 - Оқушылардың сапалы білім алу мәселелерін шешу бойынша жұмыстарды жандандыру;
 - Ауылға жас мамандарды (мұғалім, дәрігер, ветеринар, т.б.) тарту үшін жоғары және арнаулы орта білім беретін оқу орындарымен байланыс орнату;
 - «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы бойынша ауданға келген жас мамандардың әлеуметтік мәселелеріне көңіл бөлу. Оқу орындарын өте жақсы бітірген түлектер басқа аудандарға кетіп қалмай, туған ауылына қызмет етуі үшін оларды жұмысқа тартып, әлеуметтік және материалдық көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастыру;
 - Көмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықты болдырмау, бұзақылықтың алдын алу;
 - Жастар арасында өз кәсіптерін ашуға мүдделі жастарға қолдау көрсету;
 - Зейнеткерлер мен мүгедектердің, аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардың, аналар мен балалардың мүдделерін қорғауға бағытталған әлеуметтік кепілдіктерді пайдалануға жағдай жасау;
 - Жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, осыған орай ауылдық округте спорт түрлерін жандандыруға жан-жақты көмектесу, спорт және аула клубтарын ашу, жастар арасында патриотизмді насихаттау, жастарды тәрбиелеу ісіне тұрақты көңіл бөлу.
 - Ауылдағы мектеп, клуб үйі, шағын орталық, кітапхананың материалдық-техникалық базасын одан әрі жақсарту және қамтамасыз ету үшін тиісті жұмыстарды ұйымдастыру;
 - Салауатты өмір салтын қалыптастыру және ауылда бұқаралық спортты дамыту;
 - Шабанбай би ауылдық округіне қарасты елді мекендерді көркейту, көшелердегі жарық мәселесін шешу жұмыстарын жүргізу;
 - Ауылды абаттандыру, тазалық мәселесіне көп көңіл аудару.
- Халқымыздың сенген өкілі ретінде қарапайым халықтың пікірін өздерінен тікелей біліп, әділ шешімдер қабылдауына ықпал етуді берік ұстанбақпын.
- Өз бағдарламалық сайлаушылармен кездесу барысында жетілдіріп, олардың ұсыныс-пікірлерімен толықтыратын боламын.

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

Ақтоғай ауданы Шабанбай би ауылдық округінің әкіміне үміткерлердің сайлауалды бағдарламалары

Шабанбай би ауылдық округі әкіміне үміткер Мурасов Аскар Какимовичтің Өмірбаяны



Мен, Мурасов Аскар Какимович 1973 жылы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Шабанбай би ауылында тудым.

1981-1990 жылдар аралығында «Қаратал» орта мектебінде білім алдым. Еңбек жолымды 1990 жылы Ақтоғай автогаражында слесарь болып бастадым. 1991-1993 жылдар аралығында әскер қатарында болдым. 1993-1994 жылдар аралығында «Қаратал» совхозында автогаражда жұмыскер болып жұмыс жасадым. 1994-1997 жылдар аралығында Щучинск қаласындағы Бурабай агротехникалық колледжінде «Орман шаруашылығының технигі» мамандығы бойынша оқыдым. 1999-2000 жылдар аралығында Балқаш қаласында Балқаш мыс қорыту зауытында жұмыс істедім.

2004 жылдан «Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Ақтоғай шаруашылығы» коммуналдық мекемесінде Қызылорда орманшылығының орманшылық басшысы болып жұмыс істедім. 2005-2008 жылдар аралығында Көкшетау мемлекеттік университетінде сырттай оқып, «Орман ісі» мамандығы бойынша диплом алдым.

2020 жылдың қаңтар айынан «Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Ақтоғай шаруашылығы» коммуналдық мекемесінде бүгінгі күнге дейін директордың орынбасары болып қызмет атқарып жүрмін. Үйленгенмін, жолдасым Дюсенбекова Раушан – жеке кәсіпкер, ұлым Бекболат Кәкім мектепалды даярлығында оқиды.

Сайлауалды бағдарламасы

Мені Шабанбай би ауылдық округі әкімі етіп сайласаңыздар, алдағы 4 жылда:

- Көше жарықтарын орнатуға, олардың сапалы жұмыс істеуіне;
 - Ақтоғай-Шабанбай жолының жөнделуінің сапалы жасалуына, қыс айларында ауыл көшелерінің күрелуіне;
 - Ауыл ішіндегі тоқ желісінің қалыпты жұмыс жасауы үшін КТП-ның трансформаторын ауыстыруға;
 - Балалар алаңын салуға;
 - Мектепте бала санының азаюына жол бермеу мақсатында ауылға сырттан жастарды, көшіп келемін деген азаматтарды тартып, үймен қамтамасыз етуге жұмыс ұйымдастыруға;
 - «Қарапайым заттар экономикасы», «Бастау-Бизнес», «Еңбек», «Іскер», «Агробизнес» т.б. мемлекеттік бағдарламаларды пайдалана отырып, кәсіпкерлердің санын арттыруға;
 - Ауылдағы мобильді байланыстың басқа да операторларының және интернет желісінің қосылуына;
 - Ауылда өз тәжірибемді пайдалана отырып туризм саласын дамытуға;
 - Ауылда тұрақты жұмыс жасайтын, талапқа сай мал сою алаңын ашуға;
 - Фельдшерлік пункттің талапқа сай болуына өз тарапымнан ықпал жасаймын.
- Мен бюджеттің шектеулі екенін түсінемін, сондықтан қосымша қаржыландыру көздерін іздеу арқылы:
- Ауыл шаруашылығы саласының дамуына жан-жақты қолдау жасау, яғни мемлекеттік бағдарламаларды халыққа дұрыс жеткізе отырып, түрлі жеңілдіктерге қол жеткізуіне;
 - Ауылда туындаған проблемалардың уақытылы шешілуіне;
 - Тұрғындармен, ақсақалдар алқасымен, қоғамдық келісім кеңесімен, жастармен келісе отырып ауылды көркейту мәселесін жоспарлауға күшімді саламын;
 - Жастарға қол ұшын беріп, рухани дүниесін байытып, нағыз қазақылыққа тәрбиелеуге, бұқаралық спортты дамытуға;
 - Ауылда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша жасалып жатқан жұмыстарды дамытуға үлесімді қосамын.

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

Дін – бірліктің діңгегі

Діни сенім бостандығы және мемлекеттің зайырлық принциптері

Қазақстан Республикасы – әрбір азаматқа ар-ұждан бостандығына кепілдік берілген және барлық конфессиялар ұстанушыларының заң алдында теңдігі қамтамасыз етілген зайырлық, демократиялық мемлекет. Мемлекет пен діни бірлестіктердің өзара қарым-қатынастарының принциптері діни сенім бостандығы деңгейі мен мемлекет зайырлығының көрнекті көрсеткіші болып табылады. Діни сенім бостандығы – дінді ұстану немесе ұстанбау құқығы. Діни сенім мұраттары барша әлемде аса кеңінен мойындалған, бүгінде ең маңызды халықаралық декларациялармен және адам құқықтары жөніндегі фактілермен, сонымен бірге әлемнің көптеген елдерінің конституцияларымен бекітілген. Діни төзімділік – өзге дінге деген шыдамдылық таныту, оның өмір сүруіне құқықтарын мойындау. Қазіргі уақытта діни сенім бостандығы кез-келген демократиялық қоғамның қажетті, әрі ажырамас шарты болып табылады және адамның құқықтары мен бостандықтары жүйесінің негізгі элементтерінің бірі. Қазақстан өзінің қызметінде адам құқықтары саласындағы жалпы мойындалған халықаралық актілерге сүйенеді. Осыған байланысты дін және діни сенім бостандығын қамтамасыз ету саласындағы қазақстандық нормативтік база жалпы алғанда, жалпы еуропалық және әлемдік демократиялық стандарттарға сәйкес келеді. Сонымен бірге, Қазақстан мемлекет пен конфессиялар арасындағы құрылымды өзара қарым-қатынастарды нығайтуға бағытталған діни қызмет жөніндегі заңнаманы жетілдіруге барынша күшін жұмсап келеді. Діни сенім бостандығына азаматтардың құқықтарын жүзеге асыруды қамтамасыз ету оның одан әрі демократиялық және құқықтық дамуының негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Діни сенім бостандығына деген құқық қоғамдық және діни мүдделердің теңдігіне қол жеткізу арқылы діни сенім бостандығының конституциялық принциптерін қамтамасыз етуге, сонымен бірге мемлекет пен діни бірлестіктердің арасындағы өріптестік пен өзара түсіністік қатынастарын дамытуға бағытталған 2011 жылдың 11 қазанындағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының № 483-IV Заңында бекітілген. Сондай-ақ, осы Заңда Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген міндеттерді өзінің діни наным себептері бойынша орындаудан бас тартуға ешкімнің құқығы жоқ екендігі айрықша белгіленген.

Қазақстан Республикасындағы заңнамаға сәйкес зайырлық мемлекеттің негізін құраушы принциптер мыналар болып табылады:

- 1) мемлекет пен оның институттарының зайырлық, конфессионалдық бейтарап сипаты;
- 2) дінге қатынасы, діни немесе зайырлық бірлестіктерге қатыстылығына қарамастан адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының теңдігі;
- 3) Заң алдында діни бірлестіктердің теңдігі;
- 4) тұрғындардың ұлттық дәстүрлерін, ділін құрметтеу, ұлттық өдет-ғұрыштар, дәстүрлер мен діни жоралардың өзара байланысын есепке алу;
- 5) ар-ұждан және дін ұстану еркіндігі саласындағы конституциялық құрылымның негіздерін, адамгершілікті, адам мен азаматтың денсаулығын, құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, елдің қорғанысы мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігімен айтылатын осындай шектеулерге рұқсат ету. Аталған принциптер мемлекеттегі конфессиялық қатынастарға қатысты немесе соны реттеуші елдің барлық заңдарында және Конституциясында анық белгіленген.

Ақтоғай ауданының ішкі саясат бөлімі.

Рухани жаңғыру: тарихи тұлғалар

Сахи есімі сұранып тұрғандай

Жақында республикалық әдебиет, мәдениет және өнер газеті – «Үш қоңыр» басылымында Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы Тұңғышбай Мұқан ағамыздың «Тауқыметті тағдыр» атты көлемді мақаласын оқып шығып, үн қосуды жөн көрдім.

Онда жерлесіміз, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Халық суретшісі Сахи Түсіпбекұлы Романовтың еңбектері жайлы баяндалып, нақты деректер ұсынылып, сан қырлы талант иесін құрмет тұтып, есте сақтау мақсатында Ақтоғай аудандық музейіне Халық суретшісінің есімін беруге ұсыныс білдірген екен. Мақалада жазылғандай, Сахи Романов

біздің ақтоғайлықтар үшін жоғалып табылған тау тұлға, қыл қаламгері, атақты суретшімен 1984 жылғы шілде айында әкем Қазықенмен бірге өз шеберханасында салған суреттерін көріп, өмірі мен қызметі жайлы көптеген әңгімелерін тыңдап, дәмдес болған едім.

Сондағы айтқанының бірі: «Мені жерлесімің, бауырымсың дегендер көп болды. Мен нағыз ақтоғайлықпын. Тек қана партиялық билетімді өзгерте алмаймын. Фамилияма әкем атын, «Түсіпбекұлы» деп жаздыртам дегенеді. Сахидың өкесі Түсіпбек Өлтікейұлын да көріп өстім. Еңгезердей, көзі көкшіл, ұзын бойлы адам еді. Сахиды алғаш көргенде Түсіпбек ақсақалдың қолында

өскен Марияштың баласы Қасимен өте қатты ұқсастығына таңқалып едім. Қасидың бет-бейнесі, қас-қабағы, мұрны тура Сахидан аумайтын. Қаси мектепте оқыған кезінде біздің үйде болғандықтан, бірге оқып, балалық шағымызды бірге өткізіп едік. Жігіт кезінде механизатор болып, авариядан қайтыс болды.

Осы кездесуде Сахи Түсіпбекұлы «Қымбатты ініме, балама Даулетке шын жүректен» деп естелік кітапшасын сыйға тартқан еді. Өкініштісі, сол кезде бірге суретке түсуді ойламапыз.

Сахи Түсіпбекұлының өмір жолы, қызметі жайлы мақалада толық жазылған. Мен кейбір өзім

білетін деректерді айта отырып, Тұңғышбай Мұқан ағамыздың СССР Суретшілер одағының және СССР Кинематографистер одағының мүшесі, Қазақ ССР-нің Еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ССР-нің Халық суретшісі, «Құрмет белгісі», «Еңбек Қызыл Ту» ордендерінің иегері, жерлесіміз, Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы Сахи Түсіпбекұлы Романовтың есімін Ақтоғай аудандық музейіне беру жөніндегі ұсынысын өте орынды бастама деп есептеймін.

Жерлестерімізді, барлық жұртшылықты қолдау білдіруге шақырамын.

Даулет Тойымбеков, Қарағанды қаласы.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Шаруа немесе фермер қожалығын немесе ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурсқа ұсынылатын жер учаскелерінің тізімі «Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Ақтоғай ауданының әкімдігі жер учаскелерін 2022 жылдың 16 мамыр күні сағат 15.00-де конкурс өткізеді. Мекен-жайы: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 4.

№ п/п	Жер учаскесінің орналасқан жері (ауылдық округ маңайы, жер учаскесінің лот №)	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандауы	Жалпы ауданы, га жалға беру мерзімі, жылы	Алқаптардың құрамы, оның ішінде				Орташа балл бонитеті	Суммен қамтамасыз етілуі	Өзге де
				Егістік	Шабындық	Жайылымдық	Басқа алқаптар			
1	Абай ауылдық округі лот №1	Мал шаруашылығы	700,00 15 жыл			693,00	7,0	6	Қамтамасыз етілмеген	
2	Абай ауылдық округі лот №2	Мал шаруашылығы	1536,4254 15 жыл			1533,00	3,4245	6	Қамтамасыз етілмеген	
3	Абай ауылдық округі лот №3	Мал шаруашылығы	954,4350 15 жыл			950,00	4,4350	6	Қамтамасыз етілмеген	
4	Абай ауылдық округі лот №4	Мал шаруашылығы	1699,98 15 жыл			1694,00	5,98	6	Қамтамасыз етілмеген	
5	Абай ауылдық округі лот №5	Мал шаруашылығы	2499,9920 15 жыл			2494,00	5,992	6	Қамтамасыз етілмеген	
6	Абай ауылдық округі лот №6	Мал шаруашылығы	2921,8968 15 жыл			2916,00	5,8968	6	Қамтамасыз етілмеген	
7	Айыртас ауылдық округі лот №7	Мал шаруашылығы	4500,3460 15 жыл			3740,00	750,0	8	Қамтамасыз етілмеген	
8	Айыртас ауылдық округі лот №8	Мал шаруашылығы	4163,40 15 жыл		180,00	4134,00	5,0	8	Қамтамасыз етілмеген	
9	Қарабұлақ ауылдық округі лот №9	Мал шаруашылығы	1400,00 15 жыл			1398,00	2,00	5	Қамтамасыз етілмеген	
10	Қарабұлақ ауылдық округі лот №10	Мал шаруашылығы	4202,4625 15 жыл		2220,00	4189,00	13,4625	5	Қамтамасыз етілмеген	
11	Қарабұлақ ауылдық округі лот №11	Мал шаруашылығы	337,00 15 жыл	195,00		141,00	1,00	5	Қамтамасыз етілмеген	
12	Қарабұлақ ауылдық округі лот №12	Мал шаруашылығы	340,00 15 жыл	130,00		208,00	2,0	5	Қамтамасыз етілмеген	
13	Қарабұлақ ауылдық округі лот №13	Мал шаруашылығы	2157,8803 15 жыл		410,00	1744,00	3,8803	5	Қамтамасыз етілмеген	
14	Жер қорын лот №14	Мал шаруашылығы	4555,0695 15 жыл			4548,00	7,0695	7	Қамтамасыз етілмеген	
15	Қараменде би ауылдық округі лот №15	Мал шаруашылығы	615 15 жыл			615 га жайылымдық		8	Қамтамасыз етілмеген	
						179 га түбірінен жақсартылған жайылым				
16	Сарытерек ауылдық округі лот №16	Мал шаруашылығы	827,6534 15 жыл			825,00	2,6534	6	Қамтамасыз етілмеген	
17	Сарытерек ауылдық округі лот №17	Мал шаруашылығы	1638,6414 15 жыл			1638,00	0,6614	6	Қамтамасыз етілмеген	
18	Қызыларай ауылдық округі лот №18	Мал шаруашылығы	1336,7435 15 жыл	450,00		884,00	2,7435	8	Қамтамасыз етілмеген	
19	Қызыларай ауылдық округі лот №19	Мал шаруашылығы	712,5658 15 жыл			710,00	0,6614	8	Қамтамасыз етілмеген	
20	Қызыларай ауылдық округі лот №20	Мал шаруашылығы	620,5436 15 жыл	60,00	25,00	533,0	2,5436	8	Қамтамасыз етілмеген	

ЕСКЕРТПЕ:

Жеке және заңды тұлға болып табылатын қатысушы конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынады:

- 1) Конкурсқа қатысуға арналған өтінім; 2) конкурстық ұсыныс; Конкурсстық ұсыныста:

Бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауылшаруашылық дақылдарын өңдеп-өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, құрылатын жұмыс орындарының саны);

2) Шаруашылық ішкілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шараларды орындау;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртарапандыру бойынша индикативтік

көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныстың беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертке ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін – қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін – бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) қуаландырылады.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу конкурсті өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң, 2022 жылғы 29 сәуірден бастап, 2022 жылдың 14 мамыр аралығында өтінім қабылдау және тіркеу жүргізіледі. Конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің орналастыру схемасымен жергілікті атқарушы органның интернет ресурсында, ауылдық округтердің және аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің ақпарат бұрыштарынан танысуға болады. Толық ақпаратты «Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-нен мына байланыс телефондары арқылы 8710-37-2-12-92; 2-13-83 алуға болады.

ГУ «Аппарат акима Ақтоғайского района» извещает список о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства

ГУ «Аппарат акима Ақтоғайского района» проводит конкурс по предоставлению земельных участков в аренду для ведения сельскохозяйственного производства, который состоится 16 мая 2022 года 15.00 ч., по адресу: Карагандинская область, Ақтоғайский район, село Ақтоғай, улица Ә.Бөкейхана, 4.

№ п/п	Направление от ближайшего населенного пункта земельных участков, № лот)	Сельскохозяйственная специализация региона	Общая площадь, срок аренды лет	Сельхоз угодий, в.т.ч				Средний балл бонитета	Водообеспеченность	Другие
				Пашня	Сенокосы	Пастбища	Другие угодия			
1	с/о Абай лот №1	Для животноводства	700,00 15 лет			693,00	7,0	6	Необеспечен	
2	с/о Абай лот №2	Для животноводства	1536,4254 15 лет			1533,00	3,4245	6	Необеспечен	
3	с/о Абай лот №3	Для животноводства	954,4350 15 лет			950,00	4,4350	6	Необеспечен	
4	с/о Абай лот №4	Для животноводства	1699,98 15 лет			1694,00	5,98	6	Необеспечен	
5	с/о Абай лот №5	Для животноводства	2499,9920 15 лет			2494,00	5,992	6	Необеспечен	
6	с/о Абай лот №6	Для животноводства	2921,8968 15 лет			2916,00	5,8968	6	Необеспечен	
7	Айыртасский с/о лот №7	Для животноводства	4500,3460 15 лет			3740,00	750,0	8	Необеспечен	
8	Айыртасский с/о лот №8	Для животноводства	4163,40 15 лет		180,00	4134,00	5,0	8	Необеспечен	
9	Қарабулақский с/о лот №9	Для животноводства	1400,00 15 лет			1398,00	2,00	5	Необеспечен	
10	Қарабулақский с/о лот №10	Для животноводства	4202,4625 15 лет		2220,00	4189,00	13,4625	5	Необеспечен	
11	Қарабулақский с/о лот №11	Для животноводства	337,00 15 лет	195,00		141,00	1,00	5	Необеспечен	
12	Қарабулақский с/о лот №12	Для животноводства	340,00 15 лет	130,00		208,00	2,0	5	Необеспечен	
13	Қарабулақский с/о лот №13	Для животноводства	2157,8803 15 лет		410,00	1744,00	3,8803	5	Необеспечен	
14	Земли запаса лот №14	Для животноводства	4555,0695 15 лет			4548,00	7,0695	7	Необеспечен	
15	с/о Қараменде би лот №15	Для животноводства	615 15 лет			615 га в.т.ч. пастбищаКУ		8	Необеспечен	
						179 га				
16	Сарытерекский с/о лот №16	Для животноводства	827,6534 15 лет			825,00	2,6534	6	Необеспечен	
17	Сарытерекский с/о лот №17	Для животноводства	1638,6414 15 лет			1638,00	0,6614	6	Необеспечен	
18	Қызыларайский с/о лот №18	Для животноводства	1336,7435 15 лет	450,00		884,00	2,7435	8	Необеспечен	
19	Қызыларайский с/олот №19	Для животноводства	712,5658 15 лет			710,00	0,6614	8	Необеспечен	
20	Қызыларайский с/олот №20	Для животноводства	620,5436 15 лет	60,00	25,00	533,0	2,5436	8	Необеспечен	

ПРИМЕЧАНИЕ

Заявка на участие в конкурсе физических и юридических лиц по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

- 1) Заявка на участие в конкурсе; 2) Конкурсные предложения;

Конкурсное предложение должно содержать:

Бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовие сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) Обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) Обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий,

фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение предоставляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника- для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) – для юридических лиц.

Прием регистрация и заявок на участие в конкурсе проводится по истечении тридцати календарных дней со дня первой публикации извещения о проведении конкурса от 29 апреля 2022 года до 14 мая 2022 года.

Извещение землеустроительных схем сельхозугодий выставляемых на конкурс можно прочитать на интернет-ресурсе местных исполнительных органов и специальных информационных стендах сельских округов и ГУ отдела земельных отношений, архитектуры и градостроительства Ақтоғайского района Карагандинской области.

Полную информацию можно получить в государственном учреждении «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства Ақтоғайского района» Контактные телефоны: 8(71037) 2-12-92; 2-13-83.



Даналық – данышпаннан

«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат...»
Абай.

«Әзілде кек жоқ, өсекте шек жоқ».
Мұхтар ӘУЕЗОВ.

«Күлкіден қорыққан шындықты сүймейді».
Иван ТУРГЕНЕВ.

«Жақсы күлкі – деннің рухани саулығының сенімді белгісі».
Максим ГОРЬКИЙ.

«Жадырай күле білген адам – жақсы адам».
Федор ДОСТОЕВСКИЙ.

«Күле білу қабілеті – нағыз адамдық белгі...».
Василий СУХОМЛИНСКИЙ.

«Күлкі – барлық дене қимылдарының ішіндегі ең келістісі».
Кристофор ГУФЕЛАНД.

«Өз қылығыңа өзің алғаш рет шындап күлген күні ер жеттім де».
Этель БАРРИМОР.

«Күні бойы бір күле алмасан, онда оны зая кеткен күнім деп есепте».
Виктор ГЮГО.

«Жарасымды әзіл-қалжың адам жаны үшін ең жағымды шипа...».
Тур ХЕЙЕРДАЛ.

Парға піскен ет

Қазақтың талантты жас ақындарының бірі, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, қарағандылық Руслан Нұрбай қайсыбір жылы «Қазақстан-Қарағанды» телеарнасында редактор болып жұмыс істеді.

«Өткен шақ,

Осы шақ,

Келер шақ.

Кеткен күн көбіміз ұмытпас.

Бір күні тағдырдан жоғалсаң,

Көрсетіп тұрады құлпытас», – деп жырлаған ойы ұшиқыр, сөзге жүйрік, тіл байлығы толықсып аққан бұлақтай Руслан бауырымды көшеде кездейсоқ кездестіріп қалдым.

–Әлеке, тұтас 10 мың теңгелік сияқты көрінбейсіз ғой? – деді амандық саулықтан кейін әзілдеп.

–Руслан-ау, бір ай ауруханада жатып, асқазанымды емдеттім.

Сырқаттың беті бері қарайтын түрі жоқ. Өзің айтқандай, 10 мың теңгені қалтаға салып, құны сондай тұратын дәріні қаланың аптекаларынан іздеп жүрмін. Таптырар емес!

–Әлеке, ол дәріңіздің аты қандай?

–«Пари-ет» деп аталады. Ұлтабар жарасына арналған.

–Е-е.. Әлеке! «Пари-ет» емес, «парға піскен ет» іздеп жүрмін десеңізші!

– дейді, жымия күліп.

Сол жерде телеоператор Еркебұлан Тойболдин үшеуіміз Русланның аяқ астынан тапқырлық танытқан «сөзіне» күліп, қазақтың парға піскен етінің асқазан сырқатына аса пайдалы екенін еске алдық.

–Әлеке, іздеп жүрген дәріңіз табылмай жатса, оқасы жоқ! Әлгі еттен соң, құрт қосылған бір кесе сорпаны ішіп алсаңыз, аурудан құлан таза айығып кетесіз! – деді қоштасып жатып.

Осы сөзден соң, шынымен ойланып қалдым...

1 сәуір – Күлкі күні

Қазекем үш арсыздың қатарына күлкіні де қосқан. Әрине, орынсыз күлкіден құдай сақтасын. Бірақ, адам баласы оны ешқашан шектей алмасы анық. Орнымен күлгенге жететін ештеңе жоқ қой. Ұлы ойшыл А.Құнанбаев өзінің төртінші қара сөзінде: «Үнемі уайым-қайғыға жан шыдай ала ма екен? Үнемі күле жүре аламыз ба, үнемі күлмей жүруге жан шыдай ма екен?» дейді. Әр халықтың өз ұлттық болмысына, табиғатына сай әзіл-әжуә, қалжың-оспағы бар.

Деректерге жүгінер болсақ, күлкі күнін тойлау алғаш Франциядан бастау алған деседі. Ежелгі римдіктер «ақымақтар

мерекесін» 17 ақпанда атап өткен болса, наурыздың 31-інде «қалжыңдау салты» Шығыс Үндістанда ежелден етек алған екен.

Күлкі күнінің аталуы мен ерекшелігіне келер болсақ, Франция, Англия, Америкада бұл – ақымақтар күні, Испанияда – дөкірлер, Үндістанда – тоқылдақ, Жапонияда – қуыршақтар және шотландықтарда тепкі күні деп аталады-мыс. Осы күні әркім таныстарының арқасына сездірмей «мені теп» деген жазу іледі де, оны сырттан күлкіге айналдырады. Бірақ, атаулары әр түрлі болғанымен, бұл күлкі күні болып саналған соң, ол күнгі қалжыңға

ешкім ренжімсізді. Сәуір ресми мереке емес. Бұл күні ешкім демалмайды, бір-біріне сыйлық ұсынып, мерекелік дастархан жайылмайды. Тек ел бір-бірімен әзілдесіп, көңіл көтеріп, күлкіге қарық болады. Әзіл-қалжыңға қашанда теріс қарамайтын қазақ халқы да бұл күнді ескерусіз қалдырмаған. Қыстың қыспағын, ерте көктемнің алай-дүлей мінезін қалжыңмен жуып-шайғысы келген халық бұл күні бір-бірінің көңілін көтеруге тырысады. Бүгін біз сіздердің назарларыңызға бірқатар шымшыма эпиграммаларды ұсынып отырмыз. Күлкі адам ғұмырын ұзартады дейді білетіндер. Олай болса, күле отырыңыздар.



Ақтоғайдың айтқыштары

Мені кім киіндіреді?

1998 жылы Жосалы тауының бөктерінде Ақтоғай ауданының 60 жылдығы тойланып, ақындар айтысы өтетін болады.

Бағдат Мұбарак сол айтысқа қатысатын болып, үйге келіп, үтіктеп әзірлеп қойған бірқиер кәстөм-шалбарын іздеп таба алмай жүрсе, оны Үмкең (Үмітай Жармағанбетов) сықып үстіне киіп алса керек. Айтысқа киіп шықпақшы болған киімін әкесінің іліп алғанын көріп, «Енді сахнаға қалай шығам?» деп кейістік танытыпты.

Сонда Үмкең жұлып алғандай: «Әй, балам, неге ренжисің, сенің киім әперетін әкешің бар, мені кім киіндіреді?!» депті.

Аиудан терісіне сыймай тұрған Бағдат әкесінің ұтқыр да тапқыр сөзінен соң еріксіз тосылыпты.

Ата-бабамыздың «Сөз тапқанға қолқа жоқ» деген аталы сөзінің құдіретін осыдан-ақ аңғара беріңіз.

Жидебай ауылында тұратын Қалкен Күлшікеновтің тілі де тотияйын секілді, тиген жерін ойып, күлдіріп, күйдіріп түсетін өте ұытты дейді ауылдастары. Бірде марқұм Аскең (Асылмұрат Аханов) «гастрольдетіп» кетіпті. Оның артын ала сол «сапарға» Тошқа (Нұрлан Күлшікенов) шығып кетсе керек. Басшылардың бірі: «Әй, өлгі Асылмұрат қайда?» – деп сұрапты. Сонда Қалкен заматта жауап қайтарып: «Атқа мініп кеткен», – дейді. «Нұрлан ше?» – десе, Қалкен: «Е, ол мінгесіп кеткен», – деп қарап тұр дейді.



«Иттің баласы, итіңе ие бол!»

Ақтоғай ауданында Монаш есімді тракторист болған екен. Жаз шықса, сайын далада жүреді. Шөп шабады. Бірде Монаш ағамыздың жанына ауылдасы келіп: «Тайыншамды жоғалтып жүр едім. Күніге даладасың ғой. Көзіңе түспеді ме?» деп сұрайды. Сөйтсе, трактор тізгіндеген ағай: «Анау сайда рамасы жатқан» депті.

Монаш ағамыздың өзімен бірге алып жүретін «тормозогын» күнде бір ит жеп кете берсе керек. Өбден ашуланған ағамыз бір күні жаңағы итті ұстап алып, мойнына «Иттің баласы, итіңе ие бол!» деген мәтіндегі хатты іліп жіберіпті.



Ердос Әбдірахманов тілдер бөлімінде істеп жүрген кезде Нұрлан Күлшікеновтен: «Тошаға, Бәкен отыр ма?» – деп сұраса керек. Нұрлан ойланған сыңай танытып, тұрып-тұрып: «Әй, білмеймін, сол жатып қалды ғой деймін», – депті.

Мақтаныш

Аулада ойнап жүрген балалар бір-біріне әкелерінің өте жылдам екенін айтып мақтанып отырады. Біреуі: «Менің әкем садақ атса, нысанаға ұшқан жебеден бұрын жетіп барады»-дейді. Екінші бала: «Сол да сөз боп па? Менің әкем тапанша атып, оқтан бұрын нысанаға жете алады»-дейді. Сонда үшіншісі: «Ал, менің әкем жұмыс уақыты 18.00-де біткенімен, сағат 15.00-де үйде отырады» деген екен.

«Тау беріп жіберсін»

Сол шақтарда Бегілік (Сүндет) ағай ауыл фермасында меңгеруші болып тұрған. Ырзық атай – қойшы. Бастық қоластындағыларға ескертуінде: – Ырзыққа айтыңдар! Малды жүдетпесін, тауға апарып бақсын! – деп сәлем айтады. Бұйрықты естіген Рзекең: – Онда Сүндетке сәлем айтыңдар, тау беріп жіберсін, – депті.

Оқымысты

Бай бір бизнесмен өзінің бизнесегі серіктесі, әрі досынан сұрайды: – Осы сенің кигенің қайыршының киіміне ұқсайды, ал өйелің болса өртістерше киінеді. Неге жақсырақ киінбейсің? – Қайтейін енді, екеуіміз де оқыған нәрсеміздің өсерінде қалудамыз. – Бұл қалай болғаны? – Ол мода журналдарын үзбей оқиды, ал мен болсам отбасымыздың кіріс-шығыс дәптерін оқимын, – деген екен.



«Ақтоғай ажары» газеті мұрағатынан және ҚР Мәдениет қайраткері, тележурналист Әли Тойжігітовтың «Сырсандық» кітабынан алынды.



(Соңы. Басы газеттің №6 және 12 сандарында).

1. ОШАҚТА ЖАНҒАН ТОЗАҚ ОТЫ
(Әкемнің әңгімесінен)

Сонымен 1931 жылдың аяғына қарай Қоңырат ауданындағы елдің малы алынып бітті, ашаршылық басталды, ел жаңа ашылып жатқан Балқашқа қарай ағылды, небір керемет киіз үйлер тігулі қалды, «арпа-бидай ас екен, алтын-күміс тас екенге» саяды. Ел Балқашқа жете алмай жолда қырылды. Олардың бәріне жұмыс тауып беру мүмкін

АШАРШЫЛЫҚ ПЕН ҚУҒЫН-СҮРГІН НӘУБЕТІ

емес еді, аш адам күп болып ісіп кетеді екен де, көтерем мал құсап тұра алмай жан тапсырады екен. Елдің көбі көл жағалап ащы суды іше-іше іші жарылып өлді. Ел бірінің етін бірі жеді. Соғыста қайтыс болған әкеміз Көдектің Шорасы, былай деп айтқан екен: «Балқашқа кетіп бара жатыр едім, жолазыққа алған талқаным бар, осы Калининдегі Тасапан қыстағында отырған Ыбырашқа кездестім. Жалғыз үй екен. Ыбыраш қауқалақтап құдай кездестірді, тақауда бір тайлақ әкеп сойып едім, бүгін қонып кет деп жік-жаппар болды, қиылып өтініп тұрған соң, қонсам қонайын деп үйге кірдім. Сол заманның үлгісімен салынған бір бөлмелі саман үй, есіктің қарсысында тамақ істейтін киіз үй формалас төбесі тесік тас шошала, еттің иісі бұрқырап қайнап жатыр. Ыбыраш далаға шығып кеткенде шошаланы қарасам, сізге өтірік, маған шын, адамның қолы мен сандары тұтастай ілулі тұр екен, зәрем ұшып кетті, егтеп жылыстап үйден шығып қаша жөнелдім. Менің кетіп бара жатқанымды байқап қалған Ыбыраш қолына істік темірді ала салып қуып берді, жан ұшырған адам жеткізе ме, мен ұзап бара жаттым, жете алмайтынын білген соң ол: «қонды екенсің, қонды екенсің, құдай бұйырпады» деп айқайлады» дейді. Сол Ыбыраш соғыстан кейін заман түзелгеннің өзінде, біреудің баласын қазанға салып жіберіпті. «Мұның не дегенде», «қызықтым, адамның еті тәтті болады» деген екен. Ол кісі бергінде қайтыс болыпты, бірақ тұқым қалмапты. (Бұл адамдардың аты өзгертіліп алынды).

Қуанышбек Бектұрсынов, Мәдениет саласының ардагері, күйші-сазгер.

2. АЖАЛДАН АРАШАЛАҒАН АДАМ

Ашаршылық басталып, балапан басына, тұрымтай тұсына деген заман туды. Сол жылдары жаңа ашылып жатқан Балқашқа теміржол болмағандықтан, жүкті Қарағандыдан ат арбамен, түйемен таситын. «Осы кірешілердің күзет бастығы Шөкейбасов дегенді танушы едім» дейді әкей. Ол кезде кіре Ақсу-Аюлының үстімен, Қарғалы, Жартас, Бектауатаны басып өтетін. Теміржол да осы маршрутпен салынбақ екен, бірақ кейін жоспар өзгеріп, осы Ағалдыр, Мойынты жаққа бұрылып кетіпті. Сәті түсіп Шөкейбасовқа кездесіп, ол кісі Балқаштан қайтқанда менің жанұямды Қарағандыға алып кетуге келісті. Қарағанды да жетісіп жатқан жоқ екен, көшеде қырылып жатқан адам, оған қарап жатқан ешкім жоқ. Біреудің нанын, тағы бірденесін ашарық қолынан жұлып алып, аузына тығып жібереді, қашуға шама жоқ, анау тепкілеп жатқанда, ол сорлы аузындағысын шайнап жатып жан тапсырады. Біз Бұланбаев Қайыржанның үйіне түстік, шахтада істейді екен. Олар екі баласымен төрт жан, біз бесеуіміз, талонмен нан алады, ол осынша жанға жете ме, бізді асырауға төрт - ақ күнге шамасы жетті. Мен күнде көшеге шығып жұмыс іздеймін, Сонымен сандалып келе жатқанда артымнан біреудің «Әй, Әділбекпісің?» деген дауысы шықты, артыма қарасам, шарбаққа сүйеніп бір орыстың шалы тұр екен. Ол мені «Ойпырмай, тірі екенсің ғой!» деп келіп құшақтап көрісті. Бұл менен жасы үлкен болса да ескі досым, қазақша айтқанда тамыр Илия Барапанов екен. Ол патша заманында Қарағандының бір шахтасын жүргізіп еді, қазақшаны таза сөйлейтін казак орыс болатын. Мен оған елден мал апарып, ол маған керегімді алып беріп дегендей, жақсы араласып едік. Амандық-саулық сұрасқанан кейін ол менің жобамды байқады ма, үйге кір деді. Үйге кіріп келгенде, әйелі пештің қасында тамақ істеп жатыр екен, нансаңыз, мен тамақтың иісіне тойғандай сезініп қатты-қатты дем ала бердім. Біз қараңғы қазақ не білеміз, аш адам тамақты бірден көп жесе өліп кетеді екен, ол маған

аздап беріп, есімді жигызды. Сонымен, ол тамақтың қалдығы деген сияқты, жеуге жарайтынның бәрін бір қапқа салып берді де: «Ертең осында кел, жұмыс жайын сөйлесеміз» деді. Шығуын шықсам да, жанымды шүберекке түйіп, зәрем ұшып келеді, көше толған аш-арық, тартып алуы әбден мүмкін еді. Құдай сақтап, үйге аман-есен жеттім-ау әйтеуір, үйге келген соң бәріміз де мәре-сәреміз, құдай жарылқалды. Бір Аллаға сыйынып, ертеңіне айтқан уақытында Илияға бардым, ол маған бір бүктелген қағазды қолыма ұстатты да, «Он сегізінші шахтаның бастығы Константин Барапанов деген жігіт менің балам, мына қағазды апарып бер» деді. Хатты алып он сегізінші шахтаға тарттым. Келсем, бастыққа кіру мүмкін емес, өшіреттің ұшы-қиыры жоқ.

Жұмыс бола ма деп, ел күні-түні кезекте тұрады екен, бағы барлар жұмысқа тұрып кетеді, бағы жоқтар бір үмітпен сол жерде көз жұмады. жөн сұраса кеттік, менің бағыма осы өзіміздің Шеттің Қояншы-Тағайы екен. Жайымды айтқан соң, ол қолымнан жетектеген бетте күзетшіге бір қызыл

қағаз көрсетті де, бастықтың алдынан бір-ақ шығарды. Сөйтсем, бұл атакты қайлашы көрінеді. Константин отыздар шамасындағы алтын тісі бар әдеміше келген жігіт ағасы екен, хатты қолына бердім. «Әкей ауыр жазған екен, ол кісіні қайдан танушы едің?» деді, мен жайымды айттым. Сонымен мен он сегізінші шахтаның ствольна жұмысқа орналастым. Осы ствол арқылы жердің астынан көмір тиелген, кішкене вагондар жердің бетіне көтеріледі, менің міндетім осы вагондарды санап отыру. Хат танымаймын, алдымда тесіктері бар үстел тұрады, осы тесікке бір вагон шықса, бір қазықша, екі вагон шықса, екі қазықша қағып отырам, артынан өздері келіп санап алады. Жатқан жерің жайлы болғыр, осы Константин Ильич Барапановтың арқасында біз тірі қалдық.

Қуанышбек Бектұрсынов, Мәдениет саласының ардагері, күйші-сазгер.

ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАЛАНЫҢ ҚҰРБАНЫ

Әр өңірдің өзіне тән қасиет қонған зерек азаматтарының болатындығы ежелден ұлттық ұстанымымызға ілесіп келе жатқан қағида деуге тұрарлық. Қызылрай ауылының құймақұлағы атанған, елдің есті сөзін әсіресе, әкесі Мақсұт ақсақалдың айтқандарын совхоздың мал маманы болып жүріп санасына тоқи берген Шағыров Қордабайдың отыз жетінің қайнаған қазанына түскен Сүлейменов Нұрмағанбет туралы айтқаны елім деп еңіреген есіл ерді ақтап аларлық деректің басында тұр. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында Қызылрай өңірінде алғашқы «Бөріктас», «Шалбас» деген мойынсеріктер ұйымдастырған екі кластық қана білімі бар, талабына нұр жауған Сүлейменов Нұрмағанбетке 1924 жылдары Былқылдақ бойында Ермектің Әмірханының қызы Дәмештің Темірбек Жүргеновке ұзатылу тойына келген Алаш арыстары Жақып Ақбаев, Ахмет Байтұрсынұмармен кездесіп танысуы айрықша әсер еткен. Осыдан кейін көкірегі ояу, көзі ашық Нұрмағанбет елге қызмет жасауға белсене кірісіп, серіктестіктерді біріктіріп, «Мәдениет», «Жұмыскер» деген колхоздарды құруға басшылық жасаған. Алғашқылардың бірі болып колхозға ауылшаруашылық машиналарын, лобогрейка, молотилка тіпті сеператорларға дейін Семейден алғызып пайдаландырған. Жаңалыққа құштар, ізденгіш Нұрмағанбетке Семейде тұратын Арыстанбеков Жақыпбектің бел алған Турағұл деген баласы көмектескен. Былқылдақ бойынан алғашқы Май зауытын ашқан. Тынымсыз ат үстінде жүріп, қайда барарын, не істерін білмей дағдарып жүрген халықты ұжымға біріктіріп, еңбекке жұмылдырып, ашаршылықтың тауқыметінен қарапайым ел-жұртын қорғап қалған. Бар мақсат-мүддесін туған ауылына арнаған осындай тамаша азаматтың тағдыры ақыр соңында аяншыты аяқталған. Жандайшап, шолақ белсенділер Нұрмағанбеттің жалпақ жұрт үшін жасаған жұмыстарын көре алмай қаскөйлікпен Былқылдақ бойындағы Алаш арыстарымен кездескенінен олармен байланыста болған деген жалған жала жауып көрсетіп, отыз жетінің отты тозағына іліктеріп, халық жауы деп ұстап берген. Алғашқы қамауға алынғанда кінәсіздігі анықталып, босап келсе де соңынан қалмаған жауыздар екінші рет қайыра қаматып, соттатып, ақыры Долинқадағы лагерьде азаппен өлген. Осындай елі үшін жазықсыз құрбан болған есіл ер ақталып жатса, рухы разы болар еді.

Мұқамедқали Баймұқанов, Қажы, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.

Деректерді жинастырған Тұңғышбай Мұқан, өлкетанушы.

Ақтоғай ауданы тұрғындарының назарына!

Құрметті аудан тұрғындары, мал шаруашылығымен айналысып отырған жеке және заңды тұлғалар!

Ағымдағы жылдың 1 ақпаны мен 31 мамыры аралығында «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру» дерекқор жүйесінде бұрын тіркелмеген ауыл-шаруашылық жануарларын тіркеу үшін «Жасыл дәліз-3» функционалы іске қосылды.

Бұл дегеніміз, әр тұрғынға бұрын тіркелмеген ересек жануарларын өз атына тіркеп алуға мүмкіндік беріліп отыр. Ол үшін жергілікті жердегі ветеринариялық ұйымдарға барып, өтініш берілуі қажет. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі №339 «Ветеринария туралы» 25-бабында жеке және заңды тұлғалардың жануарлар тұлғалардың жануарлар ауруларының, оның ішінде адам мен жануарларға ортақ аурулардың алдын алу жөніндегі міндеттер толық жазылған. Осыған байланысты, әр туған малдарыңызды, ауырғаны, сатылғаны, сатып алғаныңыз жөнінде дер кезінде ветеринар маманға хабарлап отыруларыңыз қажет.

«Жасыл дәліз-3» аясында дерекқор жүйесіне тіркелетін жануарлардың жас ауқымы 01.01.2000-01.01.2022 жылдар аралығын қамтиды.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35-бабы 1-4 тармағына, Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистика саласындағы заңнамасына сәйкес, кент, ауыл, ауылдық округ әкімдері мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган бекіткен статистикалық әдіснамаға сәйкес, ауыл шаруашылығы жануарларын шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізеді. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқор жүйесіне тіркеу барысында «Шаруашылық бойынша есепке алу кітабы» бөлімімен сәйкес қамтамасыз етілуі керек. «Жасыл дәліз-3» шеңберінде ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорына енгізілген деректер қайта өзгертілмейтінін ескертеміз. Сондықтан, әр шаруашылық бойынша нақты тіркелетін жануарлардың есебі жүргізіліп, жоспары дайындалады.

Құрметті аудан тұрғындары!

Өздеріңізге беріліп отырған мүмкіндікті пайдалана отырып, қолда бар бірдейлендірілмеген жануарларыңызды жергілікті ветеринар мамандарына өтініш бере отырып, бірдейлендіру жұмыстарына атсалысуларыңызды сұраймыз.

М.Жумабеков, «ҚР АШМ ВБҚК-нің Ақтоғай аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің басшысы.

Қараменде би ауылдық округі әкімі аппаратының ұжымы ауыл әкімі Азирова Қайратқа, Бейсекеева Бақтыгүлге ағалары Азирова Рахметтің, әкім аппаратының маманы Құралай Шайхынаға, Дүйсенбек Есеевке күйеубаласы Төлеубаев Санаттың қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

«Ж.Ақбай атындағы негізгі орта мектебі» КММ-нің ұжымы мектеп мұғалімдері Ж.Сыздықова, С.Бейсенбеков, Ш.Жекейбековаға бауыры Сыздықов Саяттың мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

«Өз елінің тарихын білмеген, өз ата-бабаларының батылдығы мен қайсарлығын ұмытқан келешек ұрпақ, болашақта сый мен құрметке бөленбейді» – деп дана қазақ халқы бекер айтпаған. Алаш ұлт-азаттық қозғалысының жетекшісі, Алашорда үкіметінің мүшесі, мемлекет және қоғам қайраткері, қазақтың тұңғыш заң ғылымының магистрі Жақып АҚБАЕВ – ел тәуелсіздігі жолындағы күресте есімі ерекше аталатын елеулі тұлға. Ол көрнекті заңгер, ғалым, асқан парасатты азамат. Осынау көрнекті тұлғаның есімін халық жадында сақтау үшін бар күш-жігер жұмсалып керек.

Қарағанды облысының мемлекеттік архивінде сақтаулы Ж.Ақбаевтың жеке мұрағат қорында оның қоғамдық-саяси және еңбек қызметін көрсететін 50-ге жуық құжаты мен іс қағаздары, қызмет құжаттары, хаттар, фотосуреттер сақталған. 2017 жылы Жақып Ақбаевтың жеке мұрағат қорының ашылуының тұсаукесеріне Парламент Сенатының депутаты Жақып Ақбаевтың немере келіні Бірғаным Әйтимова



Ақбаев аманатына адалмыз

қатысып, құнды құжаттарды облыстық мемлекеттік архив қорына мемлекеттік сақтауға тапсырды. Сол жылдардағы оқиғалар тарихқа енген сайын, түпнұсқа құжаттарды табу қиынға соғады, жоғалса, орны толмас қазына. Атақты тұлға туралы табылған және сақталған құжаттар оның өмір сүрген тарихи кезеңді көз алдымызға келтіреді және қоғамның әлеуметтік бөлігі болып табылады. Дереккөз ғылыми айналымға еніп, ғылыми басылым мәртебесіне ие болып, зерттеушілерге жария болғанда құжаттардың құндылығы артады.

Архив қызметкерлері құжаттарды ғылыми-техникалық өңдеудің толық циклін жүзеге асырды. Тізімдегі істер бөлімдерге жүйеленген. Олар өмірбаянына арналған құжаттар, қоғамдық-саяси қызмет құжаттары, қор құрушы туралы мәліметтер, фотосуреттер, отбасы мүшелерінің құжаттары.

Ж.Ақбаев әр салада білім алуға тырысты, оның табиғи дарыны ашылып, өзін мақсатты, үлгілі шәкірт ретінде көрсетті. Ресей астанасында оқыған жылдары Ж.Ақбаевтың саяси көзқарасы демократиялық жолмен қалыптасты. Ұлттың біртұар ұлдарының бірі, көрнекті заңгер Жақып Ақбаевтың социал-демократиялық қызметі осылайша басталды.

1907 жылы Ж.Ақбаевтың «Қырғыздардың өдет-ғұрып, атап айтқанда, неке құқығының очерктері» диссертациясының негізінде ғылыми жұмысы жарық көрді.

1906 жылы 11 қаңтарда мемлекетке опасыздық жасады деген айыппен алғаш қамауға алынды, кейін батыл көзқарастары үшін 1908, 1910, 1929 жылдары Қарқаралы, Павлодар, Семей, Омбы, Алматы түрмелеріне жабылды, Якутия және Семиречие аймақтарына жер аударылды.

1917 жылы Қарқаралы уезінде қазақ комитеті оның құрметіне тегін білім беретін Қарқаралы уезінде «Якуб медресесін» (Жақып) ашты. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Жақып Ақбаев Семей губерниялық комитетінде заңгер болып жұмыс істеді, Семей халық соты кеңесінің мүшесі болды. Алаш қозғалысы өз төңірегіне халықтың қалың қабатын, өртүрлі саяси көзқарастардың өкілдерін біріктіруге ұмтылды. Алғашқы қазақ зиялылары өз халқына тәуелсіздік пен отаршылдық құлдықтан азаттық жолындағы күресте

көмектесуге ұмтылды, әрбір адамның және әрбір халықтың жеке бостандығына құқығы және өзінің жетістіктері мен жеңістеріне еркін қол жеткізу құқығы сияқты әлеуметтік құндылықтар мен адамзат мәдениеті үшін күресті.

Құғын-сүргін жылдарында қазақ элитасының ең жоғары білімді азаматтары жойылды. Алаштың басқа қайраткерлері сияқты Ж.Ақбаев та сталиндік құғын-сүргінге ұшырап, Воронежге жер аударылды, кейін сырқатына байланысты Алматыға жіберілді. Көп ұзамай, 1934 жылы 4 шілдеде Алматыда 60 жасында қайтыс болды. Жақып Ақбаев 1958 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Сотының шешімімен толық ақталды. Бірақ, Ж.Ақбаевтың отбасы оның ақталғанын 1989 жылы ғана білген. Жақып Ақбаевтың тағдыры жарқын, қызық, мағыналы және қайғылы болды. «Есімдеріміз ел есінде қалатын кездер болады» – деп, Ахмет Байтұрсынов бекер жазбаған екен кезінде. Оның пайғамбарлық сөздері орындалды. Алашорданың қайраткерлері Жақып Ақбаев, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Ахметтула Барлыбаев, Әбікей Сәтбаев, Ахмет Чигиров, Хаммел Ғаббасов, Асылбек Сейітов, Сатылған Сабатаев, Мустахин Малдыбаев, Алимхан Ермеков, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов және т.б. даңқты ұлдардың есімдері халыққа қайтарылды.

Еліміздің ұлы тұлғаларын, дарындарын, ойшылдарын, ғалымдарын, жазушыларын бағалай білген халық құрметке лайық. Жақып Ақбаевтың құрметіне Қарағандының көрнекті жеріне қола бюсті орнатылып, туған жері Ақтоғай ауданында көше мен мектепке оның есімі берілді. Сондай-ақ, 1998 жылы жерлері, Алашорданың белсенді жетекшілері Әлихан Бөкейхан, Әлімхан Ермеков және Жақып Ақбаевқа туған жерге ескерткіш орнатты.

Ж.Ақбаевтың жеке мұрағат қоры сұранысқа ие болары сөзсіз, өйткені онда өмір сүрген тарихи кезеңі, заманның жарқын мінздері жинақталған. Саясаткер, патриот, заңгер – осы дарындардың барлығын бір тұлғаның бойына топтастырылған естелігін құжаттарда, фотосуреттерде және фильмдерде сақтаймыз.

Жаңагүл ТҰРСЫНОВА,
облыстық мемлекеттік архив
басшысы.
(«Орталық Қазақстан»
газетінен алынды).

Құттықтаймыз!

Құрметті **Ботакөз Байзаққызын** 50 жас мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Мерейлі белеске көтерілген асыл жанға мықты денсаулық, баянды бақыт, ұзақ та шаттыққа толы өмір тілейміз. Қашанда жүзіңізден шуақ кетпей, өміріміздің гүлі, шаңырағымыздың шаттығы болып жүруіңізге тілектеспіз. Әрбір күн сізге тек қуаныш, жақсылық пен арайлы сәттер сыйлап, өміріңіз мәнді де сәнді болып, ортамызда қадір-құрметке бөленіп жүре беріңіз.



Бар жақсыны аямаған баладан,
Айналып-ақ кетпейміз бе, анадан.
Шын жүректен құттықтаймыз өзіңді,
Тілейікші, 100-ге кел деп Алладан!

Ізгі ниетпен: **Көкеевтер әулеті.**

Құттықтаймыз!



Ардақты әпке, аяулы қызымыз **Смақова Ботакөз Байзаққызы!**

Сізді 50 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасылық бақыт тілейміз. Бауырларыңыздың ортасында ақылшысы, қорғаны болып жүре беріңіз. Мәрінен екеуіңіз ардақты ата-ана, құрметті құда-құдағи, немерелеріңіздің сүйікті ата-әжесі болыңыздар. Еңбекте табысты болып, қандай ортада болса да қадірлі, сыйлы болып, мәртебелерің арта берсін.

Үлгі болған үлкенге де, жасқа да,
Сыйлар сізді туған-туыс, басқа да.
Бақытты болып бұл өмірде мәңгілік,
Қуанышты тойлайық, 100 жаста да.
Ігі тілекпен: әкесі – Байзақ және бауырлары.

Құттықтаймыз!



Сыйлы жан, құдағиымыз **Ботакөз Байзаққызын** 50 жасқа толған мерейлі туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Мерейлі белес, айтулы асуға қадам басқан қадірлі құдағиымызға бас амандық, балашаға шаттығын, зор денсаулық пен шыррайлы өмір тілейміз. Алаңсыз да бақытты өмірде балашаға, ұрпақтардың думанды қызықтарына тоймай, жыл сайын туған күнді тойлай, тек жақсылық пен қуанышта қауыша беруге жазсын. Өмір жасыңыз ұзақ та баянды, қашанда жеміс пен жеңіске жетіп, ғұмырлы бола беріңіз дейміз.

Жарқын өмір шаттық арай сыйласын,
Көңіл күйі тәтті әуенді тыймасын.
Мерейлі күн гүлге бөлеп жүреткі,
Жайсаңдарды төрлеріне жинасын.
Ақ тілекпен: құда-құдағиыңыз – Дәметкен, Асқар-Маржан, балалары – Әділхан-Гүлден, немересі – Аруна.

Құттықтаймыз!

Аса қадірлі, бірімізге ардақты әпке, сыйлы абысын, жаны жайсаң жеңге, ағайындардың қамқоршысы **Бота Байзаққызы!**



Сізді мерейлі 50 жасқа толған туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасылық бақыт тілейміз. Осылай ағайын-туыс ортасында жайнап, ақ көңіл жайдары, қамқоршы болып жүре беріңіз. Отбасылық бақыт тілейміз. Мәкең екеуің бірге қартайып, шөберенің қолынан май жалаңыздар. Сыйластығымыз арта берсін.

Ақ тілекті ақтарамыз жүректен,
Қуанышта көңіл шіркін дір еткен.
Туылған күн құтты болсын, Ботажан,
Өзіңізге үн қосамыз ақ тілекпен.
Құттықтаушылар: Бақша-Кентай, Нұрзия, Гүлшат, Ғайнолла-Саламат, Нүргелді-Индира, Марғұлан-Сәуле, Бекзат-Мая, Жанболат-Айзада.

Құрылтайшы: **ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА**

Директор-Бас редактор: **Г.ЕЛЕУСИЗОВА**

Меншік иесі: «Ақтоғай ажары» газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу күші: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы **Думан КАБЫЛ**

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.

Таралымы 1200 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абау көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

